

Талас-тартыстар

(Ихтиләфтар)

Ескерту:

Кітапта Аллаһ Елшісі Мұхаммедтің (с.ғ.с) және басқа пайғамбарлардың, сондай-ақ сахабалар мен табиғиндердің есімдерінен кейін қойылған қысқартылған белгілер кездеседі. Олардың оқылуы мен қазақша мағынасы төмендегіше:

(с.ғ.с) – Салла Аллаһу ғалайһи уа сәллам (оған Аллаһтың рақымы мен есендігі болсын).

(ғ.с) – Ғалайһиссәлам (Оған Аллаһтың есендігі болсын).

(р.а) – Ради Аллаһу анһу (Оған Аллаһ разы болсын).

(р.ғ) – Рахматуллаһи ғаләйһ – (Оған Аллаһтың рахметі болсын).

Аударған:

Бауыржан Дастанұлы

Алматы, 2011

УДК 28
ББК 86.38

*Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының сараптау комиссиясы
мақұлдаған*

Т 16 Шейх Мухаммад Садық Мухаммад Юсуф

Т 16 Талас-тартыстар (Ихтиләфтар) Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, «Мұсылман» баспа үйі, 2011. 68 бет.

ISBN 978-601-7051-38-9

Аса Жоғары Аллаһ Тағала қасиетті Құран Кәрімде: «Өздеріне ашық дәлелдер келгеннен кейін (сондай) бөлініп, қайшылыққа түскендер тәрізді болмаңдар», — деп мұсылмандарға дінде жікке бөлінуге, талас-тартысқа түсуге тыйым салды. Өкінішке орай, осындай ашық аятқа қарамастан қазіргі таңда арамызда топ-топқа бөліну, айтыс-тартыстар орын алуда. Осы бір өзекті мәселені қозғаған бұл кітапты оқыған діндес бауырлар пайдалы сабақ алып, фитнаға жол ашатын кез келген нәрседен бойларын аулақ салады деп үміт етеміз.

УДК 28
ББК 86.38

ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ

ISBN 978-601-7051-38-9

© «Мұсылман» баспа үйі

АЛҒЫ СӨЗ

Қай кезде де қарама-қайшылықтар, таластартыстар, бірін-бірі көре алмаушылықтар сияқты оқиғалар ешбір халықты аттап өтпегенін тарихтан білеміз. Сондай оқиғалар мезгілімен қайталанып тұратынындай, бүгінгі күні біздің елімізде де белең ала бастады. Соңғы кездерде шетелдіктер, шетелдерде оқып келген кейбір жастарымыз елге үгіт-насихаттарын жүргізіп, діннен толық хабары жоқ халықтың санасына ата-бабамыз ұстанып келген Ханафи мазһабын кемсітіп, Парсы шығанағы халықтары ұстанатын мазһабты биікке шығарып іріткі салуда. Осындай кезде еліміз жаңа діни заң қабылдап, оның алдын алу шараларына кірісіп кетті. Елбасымыз «Нұр-Мұбарак» университетіне келген кезінде: «Бұл университетті менің құрған мақсатым, елімізде қазақтар айтқандай дүмше молда көп. Біз тәуелсіздік жылдарында ғана мұсылмандыққа қайтып оралдық. Ал бізді, сендердің аталарыңды атеист қылып оқытқан. Соны қайтару үшін 3000-ға тарта мешіт ашылды. Молдалар жетіспегеннен кейін неше түрлі адамдар жұмыс істейді мешіттерде, Исламның неше түрлі бізге керек емес ағымдары келіп жатады, нағыз Исламды білетін, нағыз Құранды білетін олармен сөйлесетін, түсіндіретін мамандар жоқ», - деген еді. Сондай-ақ, жастарды түрлі діни ағымдардан абай болуға, тек өздері ғана емес, ертең оқуларын бітіріп халқына қызмет еткен уақытта үлкен ислами оқу орнының түлегі ретінде

оларға құлақ түретін барша жамағатты елдің бірлігіне, рухани тұтастығына кесірін тигізетін түрлі «изм»-дерден қорғауға шақырды. Тағы бір көкейде болатын мәселе – ұлттық тамырдан ажырамау, яғни ықылым замандардан бергі ата баба дәстүрін құрметтеу»деп өз талаптарын білдіріп, салт-дәстүрлеріміз бен Ханафи мазһабында уағыз-насихат жүргізу керектігін қаперімізге салған еді. Міне, қолыңыздағы шейх Мұхаммед Садық Мұхаммед Юсуфтың «Талас-тартыстар» атты бұл кітабы да бүгінгі күнгі туындап жатқан талас-тартыстарды екі жақты ашық, айқын дәлелдермен түсіндіріп, бірлікке шақырып, Ханафи мазһабының дәлелдерінің басымдығын дәлелдей келе, екінші тараптың негізгі ұстаздары ретінде сүйенетін ғалымдарының мазһаб жайлы айтқан пікір ұстанымдарын да келтіріп, мазһабқа жалпы ғалымдардың қарсылықтары жоқтығын ашып, айқын көрсеткен. Еліміздегі талабаларға, имамдарға, жалпы қалың оқырманға бұл кітаптың берер тағылымы аса зор. Әсіресе, мешіттерде имамдар қайта-қайта ескертіп жүрген «әминді» дауыстап айту, намазда қолды қайта-қайта көтеріп тәкбір алу сияқты т.б мәселелер кеңінен түсіндірілген.

Аллаһ Тағала елімізді одан әрі биік белестерге шығарып, дінімізді ұстанған мұсылман халқына бейбітшілік пен имандылықты нәсіп еткей! Әмин.

**ШЕЙХ МУХАММАД ХУСАЙН АЛСАБЕКОВ
ҚМДБ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, НАИБ МҮФТИ**

Бисмилләһир рахманир рахим

وَلَا تَكُونُوا كَالَّذِينَ تَفَرَّقُوا وَاخْتَلَفُوا مِنْ بَعْدِ مَا جَاءَهُمُ الْبَيِّنَاتُ وَأُولَٰئِكَ لَهُمْ
عَذَابٌ عَظِيمٌ

«Өздеріне ашық дәлелдер келгеннен кейін (сондай) бөлініп, қайшылыққа түскендер тәрізді болмаңдар. Міне, соларға зор азап бар».

«Әли-Ғимран» сүресі,

105 аят

قال رسول الله

«وَلَا تَحْتَلِفُوا فَتَحْتَلِفَ قُلُوبُكُمْ»

Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) былай деген:

«Таласып-тартыспаңдар, жүректерің таласып-тартысуға бейім болып қалмасын».

Мүсілім

Кіріспе

Өзінің Қияметке дейінгі бақи кітабы Құрани Кәрімде мүмін пенделеріне: **«...(Өзара) таласып-тартыспаңдар, әйтпесе сәтсіздікке ұшырайсыңдар әрі күш-қуаттарың кетеді. Сабыр етіндер! Әлбетте, Аллаһ сабыр етушілермен бірге»**, – деп сабырлылыққа шақырған Аллаһ Тағалаға сансыз мақтаулар мен мадақтар болсын!

Өз үмметтеріне: *«Таласып-тартыспаңдар, кейін жүректерің таласып-тартысуға бейім болып қалмасын»*, – деп бірлікке шақырған әз Пайғамбарға салауаттар мен Аллаһтың игілігі болсын!

Өз Раббысы мен пайғамбарына «ләббай» деп жауап беріп, түрлі қарама-қайшылықтан сақтанып өткен сахабаларға Аллаһтың Өзі разы болсын!

Өз дініне берік болған, мұсылмандарды түрлі талас-тартыстардан қайтарып, бірлікке шақырып өткен ғұлама сәлафтарды Аллаһ Тағала Өз рахметіне бөлесін!

Ардақты және құрметті діндар бауырлар! Сіздермен бірге көптен бері барлығымыздың мазамызды алып, ділімізді өртеп, жанымызды тырнап келе жатқан бір мәселе жөнінде әңгі-мелесіп алсақ.

Бұл ниетімізді біраз уақыттан бері жүзеге асыруға мүмкіншілік болмай, Аллаһтың көңілге салуымен бүгін сол ниетімізді жүзеге асырып, қағазға түсіруге мүмкіндік туып отыр. Аллаһ Тағаланың жалғыз Өзінен тауфиқ пен медет сұрай отырып, ақыры қайырлы болуын тілеп, осы іске кірісіп кеттік.

Қадірлі иманжүзді бауырлар! Ниетіміздің дұрыс екеніне көз жеткізген болсаңыз болды. Иә, сіздермен бірге мұсылмандар арасындағы талас-тартыстар жайлы әңгімелеспекпіз. Себебі, өкінішке орай осы мәселе ортамызға ылаң салды, жанымызды жаралап, жүректерді мұңға батырды.

Кеше ғана құдайсыздар жаншып, таптаған кезде¹ басымызды төмен ұстап, үнсіз төзіп жүрген едік. Ал, бүгін Аллаһ Тағалаға толық және еркін түрде ғибадат етуімізге мүмкіншілік туылғанда, тап сол ғибадаттар төңірегінде арамызда талас-тартыстар шығып, мазамыз қашуда.

Кей мешіттерде ұрыс шығарып, өзге діндер мен дінсіздер алдында масқара болудамыз. Тіпті кей жерлерде істің соңы оқыс оқиғалармен жалғасып жатқаны да жасырын

¹Бұл жерде кеңестік атеистік қызыл Империя кезеңі меңзеліп тұр

сыр емес. Ең жаманы, біздің арамыздағы кейбіреулер опасыз істері мен шектен тыс әрекеттері арқылы қарапайым халық арасында дініміз жайында орынсыз пікірлер тарауына себепші болуда. Өкініштісі, қазіргі заманда діндарларға қарап қана діндерге баға берілетін болып қалған. Сол себепті, басқалардың: «Бұлар өздерін нағыз мұсылмандар деп атау үшін әрекеттенетін еді, мұсылмандық деген осы екен ғой» – деген пікір ұстанғанын жоққа шығара алар ма екенбіз. Әйткенмен оларға осы әрекеттенушілер мен Ислам арасында аспан мен жердей айырмашылық бар екенін қалай түсіндіре алмақсың? Ол үшін біраз уақыт керек әрі біраз әрекет жасау керек сияқты

Дінсіздер мен өзге діндегілерге түсіндіру онша қиын емес. Бір-екі мысал келтіріп, Ислам басқа жақта, ислами құндылықтарды айтып отырып, ислами емес іс жасап жатқандар басқа жақта деп түсіндіріп жіберсе, түсінуі мүмкін. Егер түсінбесе де зияны жоқ. Бірақ мұсылман атануға әрекеттеніп жүріп, ислами емес іс жасап жатқан, талас-тартыстар тудырып жатқандарға түсіндіру өте қиын. Себебі бойға ең жаман нәрсе -қасарысу, қатып қалу сіңіп кеткен. Соның салдарынан ортада ренжісулер пайда болып, түрлі ырду-дырдулар, көңіл қалдыру

сияқты мінездерге кенелдік. Әркім өзінің айтқандарын берік ұстануға әрекет етіп, тырысып бағуда. Бірақ үмітсіз -шайтан. Мүміндер ешқашан, ешуақытта және ешбір жағдайда үмітсіз болмаған. Аллаһ Тағала Құрани Кәрімде мүміндерді Өз рахметінен үмітсіз болмауға шақырады. Мәселен, мүмін-мұсылмандар әдетте қандай да бір ақиқатқа көздері жеткенде өздерін дұрыстап соған амал етуге тырысатыны мәлім және тарихтан белгілі. Тап осы мәселелер бізді қолымызға қалам алуға мәжбүрледі.

Біз болып өткен оқиғаларға байланысты біреуді айыптап үкім шығарудан аулақпыз. Олай етуге хақымыз жоқ деп ойлаймыз. Сондай-ақ, пайда болған қолайсыз жағдай, болып өткен көңілсіздіктер және басымызға түскен қайғыларға әсіресе діни сауатсыздығымыз себепші. Исламнан ұзақтығымыз, дініміздің тәлімдерін дұрысырақ білместігімізден ортада осындай талас-тартыстарға әкеп соғатын мәселелер пайда болды деп ойлаймыз.

Өткенге бір көз салсақ

Түрлі амалдарға байланысты дінімізден алыстаған халқымыз түрлі қайғыға душар болды. Дінімізден алыстаған сайын артта қалып, әлсіздікке ұшырады да соңында бодандық халге түсті. Тап осы халде құдайсыздардың қатарына жолықты. Осылайша халқымыздың бір бөлігі құдайсыздыққа бет бұрды. Міне, осылардың көмегімен атеистер жұртымызда діннің бірде-бір жұрнағы қалмауын қалап, осындай жолға барды. Сол құдайсыздардың кесірінен мешіттер ойран қылынды. Сол құдайсыздар тарапынан адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған сұмдықтар жасалды. Олардың бірденбір мақсаты Исламды жою еді.

Міне, сондай уақытта да халық арасынан қолында дінін қолында шоқ ұстағандай болып сақтап қалғандар да болды. Иә, бұл сүйікті Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінде келгендей: «Егер шоқты сақтайтын болса, қолдары күйетін еді, егер қолдарын сақтайтын болса, шоқты жоғалтар еді». Халық арасынан дінін шоқ ұстағандай сақтап қалатын адамдар шықса барлығымыз үшін шарапат. Иә, сол азаматтарымыз

құдайсыздардың зұлымдығынан, өлімнен қорықпай дінімізді сақтап қалған еді.

Әрине, мұндай халде діни ілімдерді толық игеру жайында сөз болу мүмкін емес еді.

Егер әлдебіреу хал-қадерінше санаулы сүрелерді жаттап алып, намаз оқуды игеріп алса, соның өзі әлдеқандай көрінер еді. Осындай жағдайда дінімізді үйренбекші болған әрбір кісі қандай ұстаз тап келсе содан жасырын үйреніп, қолына қандай кітап түссе соны оқыр еді және дін дегені сол өзі оқыған нәрселер деп қана түсінетін еді.

Терең оқып-үйренудің мүмкіндігі жоқ еді. Халық ішінде дініміз жайлы сөйлесудің өзі үлкен қылмыс саналған уақыттар есімізден шыққан жоқ. Басқа мұсылман елдерімен байланыс үзілген, біз ол жақтарға бармайтын да, олар біздерге келмейтін де еді.

Халық арасында дінімізді ұстап, намазын оқып, оразасын ұстап жүргендер аз болғаны ащы ақиқат. Міне, сол аз кісілердің өзі көп қиыншылықтармен намаз оқуды, ораза тұтуды үйренген еді. Халқымыз тек Ханафи мазһабы негізінде үйренер еді. Олар мұсылманшылықты танығаннан бері, оған иман келтіріп, амал қыла бастағаннан бері ғибадаттарды, шариғи үкімдерді міне, осы Әбу Ханифа мазһабы бойынша үйреніп амал қылып келген.

Ғасырлар бойы сол түрлі шариғаттарға карамай, мужтахид ғұламаларымыз тарапынан Құран Кәрім және Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетінен алып қоғам үшін ыңғайластырып қойылған фикһи мәселелер тура Исламның негізіне ұқсап қалған еді. Әсіресе, қиыншылық кездерде, құдайсыздар пәлекетіне ұшырап дінімізді үйрену қиындап қалған кездерде, мұхтасар фикһ кітаптары және олардың негізімен құрылған ықшам дәрістер үлкен пайда беретін еді. Осы және осыған ұқсас басқа себептер салдарынан халқымыз басқа мазһабтардағы үкімдер қандай екенінен хабарсыз қалды. Олар көпшілік мұсылман халқы қатарында Ислам шариғатын Ханафи мазһабы арқылы үйреніп, Ханафи мазһабы бойынша өмір сүріп келді.

Ал, ақида мәселесінде барлық мұсылмандар, төрт мазһабты ұстанушылар болып «Ахли сунна уал жамаға» мазһабы ақидасын бекем ұстанатын. Мужтахид имамдарымыз бір ауыздан Құран Кәрім және Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетіне сүйене отырып шығарған ақида мәселелеріне итағат қылушы еді. Біреудің ойына бұдан басқа нәрселер кіріп-шықпайтын.

Қазіргі талас-тартыстар қашан және қалай пайда болды?

Кейіннен кейбір жастарымыз дінімізді үйренуге кірісіп кетті. Олардың өздері өскен ортадағы шарифи үкімдер өздері өскен ортаға тән болатын. Олар елімізге келген шетелдік кейбір жастармен араласып, жаңа кітаптарды оқып әсерленді. Әрине сол шетелдік кейбір жастар дінімізді толық білетін ғалым емес, керісінше, өздері білім алуға келген әр түрлі саладағы студенттер еді. Олар елімізде достасқан жолдастарына Ханафи фикһынан емес, өздері өскен ортада үйренген ілімдерін айтып беретін. Олардың өздерімен алып келген кітаптары біздің жастарымызға орасан жаңалық болатын. Әдетте ол кітаптар белгілі уақыт, белгілі орта мен белгілі мақсатты көздеп жазылған болады. Сол себепті ондай кітаптар жағдайы басқа ортаға, басқа елдерге және басқа халықтарға сай келе бермейді. Бізде осы нәзік жайтты дұрыс түсіне алмайды, немесе түсінуге әрекет етпейді.

Оның үстіне аталмыш жағдайды түсінгендердің өзгелерге түсіндіру мүмкіндігі де жоқ еді. Исламды оқып үйренуге мүлдем тыйым салынған кез еді. Барлық нәрсе жасырын орындалатын. Осындай кезеңде кім

не, қайдан, кімнен оқитынын білмей бастары қататын. Сол кезден бастап жаңа-жаңа пікірлер, әңгіме-сөздер шыға бастады. Өздігінен аталмыш жаңа әңгіме-сөздерге жауаптар да шыға бастады. Осылай ескі ғұламалардың пікірлері мен жастар арасында кейбір түсінбеушілік пен келіспеушіліктер пайда болды. «Қайтыс болған мұсылмандар үшін Құран хатым қылып сауабын бағыштаса болады ма, жоқ па? Біреу келсе, отырғандар орнынан тұрып күтіп алғандары дұрыс па әлде отыра бергендері дұрыс па?» – деген сияқты басталған қарама-қайшылықтың арты ақырындап талас-тартыстардың күшеюіне апарып соқты. Арада жанжалдар туып, бір-бірін түрлі жолдармен айыптаулар белең алды. Сен мутаасибсің (фанатиксің), сен пәленшесің! – деген айыптаулар пайда болды. Ұстаздары бас болған талас-тартыстарға шәкірттері де қосыла кірісті. Пәленше ақ кітап оқып молда болған, түгенше сары кітап оқып молда болған, деген әңгімелер тарқалды. Халқымыз арасында өте аз ғана білімі бар кісілер де үшке бөлінді. Бірінші топ ескі жолды ұстанған діндарлар еді. Екінші топ жас молдекелер деген атпен аталатын топ болса, үшінші топ ресми рұқсаты бар (Діни Басқармадан рұқсаты бар) молдалар

деп аталатын. Әрбір үш топтың да өздеріне тән ерекшеліктері бар еді.

Қарама-қайшылықтардың етек ала бастауы

Кейін қайта құру жылдары басталды. Ождан еркіндігі, діни бостандық сияқты мәселелер көтерілді. Ақырындап мешіт салуға, діни ілімге, діни әдебиеттер қолдануға мүмкіндіктер туды.

Шет елдерден мұсылмандар келе бастады. Сондай-ақ, халқымыздың арасынан басқа мұсылман елдеріне барып келгендер болды. Ең маңыздысы халқымыз дінді жалпылама үйрене бастады. Бірақ ол тәртіпсіз, жоспарсыз, дайындықсыз жүзеге асты. Дегенмен басқа мүмкіндік болмады. Нәтижеде өте бұрыс бір жағдай пайда болды. Ілім іздушілер бар, бірақ ұстаздар жетіспейді, оқушылар бар, бірақ кітаптар жетіспейді. Мешіт бар, имам жетіспейді. Бұл жағдай өз кезегінде ұстаздыққа сауаты жетпесе де әлдекімнің ұстаздық қылуына, дәріс беру қағидаларымен жазылмаған кітаптармен дәріс беруіне, имамдыққа білімі таяз адамдардың өтіп кетуіне алып келді. Көп ұзамай-ақ мұның ешқандай жақсылыққа апармайтыны белгілі

болды. Өздеріне лайықты бағасы төмен кітаптардан ілім жиған, білімі таяз «ұстаздар» өз білгендерімен қарсыластарымен мәселе таластыруды бастады. Өздерінің ғылыми ілімі болмағандықтан, шәкірттерін араға салуды дұрыс санады. Сонымен болмашы мәселелерде бір әлемге татитын жанжалдар пайда болды.

Әрине, имамдардың арасында ілімі аздары қол қусырып отырмай, талас-тартысқа олар да кірісіп кетті.

Шетелдерден келген мұсылмандар болса жараның үстіне тұз сепкендей болды. Әрине барлығы емес. Ынсаппен айтатын болсақ, шеттен келген кісілердің арасында жақсы ғалымдар да бар еді, олар біздің жағдайымызды толық түсінетін, өте пайдалы кеңестер айтып үйрететін. Бірақ мұндай ғалымдар аз болатын, уақытша жұмыс бабымен ғана келіп өз жұртына қайтып кететін еді. Әсіресе, өз жұртында жұмыс таба алмаған, қолайлы мүмкіншілікті пайдаланып, өз жұртына қайтпай қалған шетелдік мырзалар түрлі жамағат пен ұйымдардың өкілі болып алатын еді. Олардың көпшілігі өз жұртында елеусіз болғанымен бізге келіп «ғұламаға» айналып алған еді. Бір домалап ұстаздардың ұстазына айналып алған бұл азаматтар келген жұрттары, киген киімдерімен және ең

маңыздысы, діни көзқарастарымен өз айналасында жиналған жастарды таңдандырып, тамсандыруға әрекет ететін. Олар өздерін қонақ етіп отырған ел мұсылмандарының мазһабын, әдет-ғұрыптарын, тарихын және басқа да салт-дәстүрлерін қаперіне алмады. Олар тіпті дінге жаны ашып қызмет қылар болса да ең алдымен өздері қызмет қылып, ақысын алып жүрген топтың немесе қоғамдастықтың діни көзқарастарын алдыңғы қатарға қоятын. Осылайша шеттен келген сол құрметтілеріміз өздерімен бірге талас-тартыстар мен жанжалды алып келді.

Бірінші кезекте жергілікті кісілер олардың біздегіден бөлекше оқып жатқан намазын көрер еді. Олардың «Фатиха» сүресінен кейін «әмин» деуі, рукуғқа барғанда және қайтқанда қол көтерулері, имамның арқасында тұрып бірдеңелерді оқитыны жөнінде сауал беретін еді. Сол кезде сол дүбәра ұстаздар біз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеттеріне амал қыламыз, сіз сұраған нәрселер пәлен-түген хадистерде келген, өкінішке орай сіздерде Пайғамбардың (с.ғ.с.) сүннетіне амал қылынбайды екен, деп бастайтын еді. Кейін сүннет не екенін, оған амал қылу маңызды екенін, Әбу Ханифаның айтқанымен жүрудің «дұрыс емес» екенін

түсіндіруге тырысатын. Жанындағылар үшін бұл сөздердің барлығы жаңалық, өте қызықты көрінетін. Сөйтіп олар ақырындап өз білімдерін тықпалай бастады. Әрине бұған кей намазхандар наразылығын білдіріп жатты. Олар ата-бабалары заманынан келе жатқан намаз оқу тәртібін оңайлықпен тәрк ете салар емес еді. Сонымен қатар, өкінішке орай, олар неге «әминді» дауыстап айтпау керектігін, рукуғта неге қол көтермейтіндігін, имамның артынан қырағат қылмайтынын және басқа да соған ұқсас нәрселердің тап Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) сүннетінен екенін түсіндіріп бере алмайтын. Олар мұндай тосын сауалдарға үйренбеген-тін. Нәтижеде фикһи мазһабқа амал ету басқа, Құран және сүннетке амал қылу басқа болып көріне бастады. Өзара наразылықтар тартысуға, тартысулар ұрыс-жанжалға айнала бастады. Ақыр соңында тараптар арасында дұшпандық күшейгені сонша, тіпті қазір бұл туралы әңгіме қозғаудың өзіне жүрек дауаламайды.

Әуелгіде айтып өткеніміздей, бұларды жазуымыздағы мақсат айыптыны табу емес, болып өткен оқиғаларды біртіндеп қазбалау да емес. Бірден-бір мақсатымыз мұсылмандар арасындағы қарама-қайшылықтар мен келіспеушіліктерге себеп болып жатқан нәрсені қол-

дан келгенше түсінікті етіп баяндап беру ғана. Алайда бұл жайт, өз-өзімізге мынадай сауал беруімізге тосқауыл болмайды.

Келіңіздер, нәтижесіне бір ой жүгіртіп көрелік орынсыз осы талас-тартыстардан кім жеңіске жетті? Мұсылмандар арасынан шыққан талас-тартыстардан кім пайда тапты? Ислам дұшпандары ғана. Мұсылмандар ше, тек қана зиян шекті.

Бізде мұсылмандар арасынан шыққан қарама-қайшылықтар жаңалық па еді? Жоқ! Мұндай қарама-қайшылықтар бұрын да болған. Сонда Ислам үмметінің ғұламалары бірауыздан келісіп, осы сияқты талас-тартыстардың алдын алу үшін үлкен фикһи мазһабтардың біріне еру қажет деген шешімге келген еді. Түрлі талас-тартыстардан зардап шеккен мұсылмандар үмметі болса, бұл шешімді дұрыс көру арқылы қабыл алып, барлығы бір ауыздан келіскен (ижмағ) үммет орнаған еді. Солай бола тұра, өткен бір қатені қайталаудың жөні бар ма?

Осы мәселе бір уақыттары мұсылмандар арасында түрлі талас-тартыстарға себеп болып, тіпті қарулы шайқасқа дейін апарған. Ақыр соңында ақида кітаптарымызға бұл мәселені жазып қоюға мәжбүр еткен еді. Осы жерде өздеріңіздің рұқсаттарыңызбен «Әһлі сүннә уал жамаға» ақида мазһабының ең

белгілі кітаптарының бірі «Ақида Тахауия шархы» кітабынан үзінділер келтіреміз.

Қарама-қайшылық пен бөлінудің түрлері

Біліп алыңыз, қарама-қайшылықтың екі түрі болады:

1. Бір нәрсенің түріндегі (ұқсас) қарама-қайшылық.

2. Бір нәрсеге қарсы қарама-қайшылық.

Бір нәрсенің түріндегі (ұқсас) қарама-қайшылық дегеніміз, қарама-қайшы келген әңгіме немесе іс, екеуі де хақ болады және шарифатта бар болады.

Бұған мысалдар:

Екі сахаба Құран оқығанда екеуі екі түрлі оқып, қарама-қайшылыққа келгенде Пайғамбарымызға (с.ғ.с) барады, сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с) «екеуіндікі де дұрыс» – деп жауап берген. (Бұхари риуаят еткен).

Азан және иқоматтың сипаты, саһу сәждесін қылатын кез, ташаххуд, айт және жаназа намаздарының тәкпірлері шарифатта бар, бірақ түрлері әртүрлі.

Осыған ұқсас қарама-қайшылықтарда жанжалдасу шарифатта харам болып табылады. Көбіне осыған ұқсас талас-тартыстарда үммет арасында түсінбестік туып жанжалға айналғанын көріп жүрміз. Мысал үшін, иқоматта калималарды жұп немесе тақ айту, «әминді» дауыстап не дауыстамай айту да тап осындай болып табылады. Ал бұл, сияқты мәселелерде талас-тартыс тудыру харам боп табылады.

Осы түрдегі қарама-қайшылықтарға дәлелдерінің түрлері, кейбір атауларын айту және осыған ұқсас нәрселер кіреді. Надандықпен немесе зұлымдықпен айтылар бір сөз немесе іс мақталады да екіншісі жамандалады. Соңында екі тарап арасында қастық күшейіп, ұрыс-жанжалға әкеп соғады.

Бір нәрсеге қарсы қарама-қайшылықта екі сөздің біреуі немесе екі істің біреуі хақ, бірі дұрыс емес болады. Бұл ең қиын іс болып саналады.

Бұл түрге Аллаһ Тағаланың бірлігі (таухид) жайындағы қарама-қайшылықтар жатады. Сондай-ақ, қабір азабы хақ па, әлде жалған ба? Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) мигражы (көкке көтерілуі) денесімен көтерілді ме әлде рухымен көтерілді ме? – деген сияқты қарама-қайшылықтар жатады.

Бірінші түрдегі қарама-қайшылыққа жататын ұқсас қарама-қайшылықтарда екі жақта хақ бола тұра, екінші жақтың қарсыласы зұлымдық етсе, бірінші зұлымдық еткен тарапты сөгеді.

Егер арада бір біріне деген зұлымдық болмаса Құран Кәрім екі жақты да кейде құптайды немесе кейде құптамайды.

Мысалы: Пайғамбарымыздың кезінде бір ұрыста мұсылмандар дұшпандарға тиесілі құрма ағаштарын кесіп тастау жайлы таласып тартысады. Сосын біреулері құрма ағаштарын кесіп тастаса біреулері кеспеді. Осылайша кім дұрыс істеді, кім дұрыс істемеді? – деген сұрақтар пайда болды.

Сондықтан Аллаһ Тағала: **«Сендер құрма ағашын кесіп немесе кеспей өз хәлінде қалдырған болсаңдар жалғыз Аллаһтың қалауымен ғана қылдыңдар»** – деді.

Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) Бәни Құрайза ұрысы күні екінті намазын уақытында оқығандарды да және Бәни Құрайзаға барып кешіктіріп оқығандарды да дұрыс іс істеді деп мақұлдаған. (Бұхари)

Түсінігі: Хандақ ұрысында Бәни Құрайза атты яһуди тайпасы Пайғамбарымызбен келісім шарт түзгеніне қарамай, мүшрік топтарға қосылып

мұсылмандарға қарсы соғысады. Ұрыс бітіп, кәпірлер мен мүшріктер жеңіліс тауып арттарына қайтып кеткен кезде, Жәбрәйіл (ғ.с) Пайғамбарымызға (с.ғ.с) Бәни Құрайзаның соңына түсіп, оларды жазалауы туралы Аллаһ Тағаланың әмірін жеткізді.

Пайғамбар (с.ғ.с) дереу жолға шықты да сахабаларына: «Ешқайсысың екінті намазын Бәни Құрайзадан басқа жерде оқымаңдар» – деді. Бірақ ол кезде екінті намазы таяп қалған болатын. Олар жолда кетіп бара жатқанда намаз уақыты кіреді де, кей сахабалар: «Пайғамбарымыз намазды Бани Құрайзадан басқа жерде оқымаңдар» деген деп намаздарын Бани Құрайзаға барғанда оқыды. Ал кейбір сахабалар: «Пайғамбар бұл сөзімен бізді тез жүруге үндеді, ендеше намазды уақытысында оқып алып, тез жүріп кете берсек зияны жоқ» – деп намаздарын жолда оқып алды.

Сонда арада карама-қайшылықтар шығып, кім дұрыс амал істеді? – деген сұрақтар туындады. Бұл сұрақ Пайғамбарымызға жеткенінде: екі жақтың да ісін дұрыс деп бағалады.

Бірақ екінші түрдегі карама-қайшылықта бір жақ мақталады, екінші жақ датталады.

Өйткені Құран Кәрімде: «Бірақ таласып тартысты. Олардың кейі иман келтірді, кейі

қарсы келді» десе, басқа бір аятта: «Осы екі таласушы жақ Раббылары жайлы таласып тартысты. Ендеше қарсы болғандарға оттан киім тоқылды» – деген.

Мұсылмандардың көп талас- тартыстары бірінші түрге жатады

«Үммет ішіндегі нәпсісіне берілу, қан төгу, дұшпандық ету және бір бірін жек көруге дейін алып баратын мұндай талас-тартыстардың көбі бірінші түрдегі талас-тартыстардан болып табылады. Таласып-тартысып жататындардың бірі екіншісінің тура сөз айтып жатқандығын түсінбейді де ынсапқа келмейді. Бәлкім мұны екінші түрдегі қарама-қайшылық деп түсінеді.

Бұл мәселе зұлымдық пен шектен шығушылықтың салдарынан туындайды...»

Біздің пікірімізше осыдан 600 жыл бұрын жазылған «Ақидаи Тахауианы» шарықтап түсіндіріп жатудың қажеті жоқ, өйткені оның өзі-ақ түсінуге жетерлік. Алайда, кейбір мәселелерге тоқтала кетудің де оқасы жоқ деп білеміз.

Біз келтіріп отырған мысалдардағы сөз бен амалдардың түрлері сияқты талас-тартыстардың да жаманшылығы жоқ. Тек екі

жақ та бір-бірлеріне зұлымдық жасамаса екен деген ой ғана. Себебі аталмыш кітап, әли суннә уал жамаға ақидасындағы мұсылмандардың жалпылай сенімдерімен жазылған кітап.

Танымал төрт мазһабтың барлығы да тап осы ақидадағы мазһабтан болып саналады. Олай болса мазһабтардың ішіндегі фикһ мәселелеріндегі кейбір қарама қайшылықтар бір-біріне қарсы жаман істерден емес, керісінше таласып-тартыспай-ақ келісіп алатын, ұрыс-жанжалсыз-ақ шешілетін істерден екеніне мән бергеніміз дұрыс. Әрбір мазһаб шариғи дәлелдер көтерген жерлерде кейбір нәрселерді орындауда абзалырақ жолды таңдауға тырысқан. Бұл жол қазіргі күнде көп пікірлілік, оң жарыс деген аттармен аталауда.

Не үшін өзгелер біздің осындай жақсы жақтарымызды қолдап жатқанда, біз өзіміздің жақсы жолдарымызды қадірлеудің орнына қарсы келіп, таласып-тартысамыз?

Демек, мұсылман үмметі ижмағ² түрінде қарастырған төрт фикһ мазһабының кейбір фикһи мәселелерін түрліше шешуі жаман нәрсе емес. Бір мазһабтың ішінде ешқашан талас-тартыстар туындамайды. Олай

² Ижмағ – Барлық ғалымдардың бір ауыздан келісіп пішкен шешімдері.

болса біздегі талас-тартыстар қайдан пайда болып жатыр?

Біздегі талас-тартыстар кейбіреулеріміздің Ханафидің фикһи мазһабын мойындамауымыздан туындап отыр. Жоғарыда айтылып өткендей, шет елдерден келіп бізге дін үйретушілердің де уағыздары осы. Олар өз-өздеріне өте керемет атау қойып алған. Ол құрметтілер, біз Құран және сүннетке амал қыламыз, дейді. Бұл әдемі шешендік сөздің астарында біздің істегеніміздей істемегендер Құран және сүннетке амал қылмайтындардан деген жасырын мағына да бар. Ендеше осы насихатқа қысқаша тоқталып, түсініп көрейік.

Біріншіден: Егер біз Құран және сүннетке амал етіп, Ханафи мазһабында сүннет деп айтылған амалды, мысал үшін «әминді» іштен айтуды тәрк етіп, «әминді» дауыстап айту керек десек, Шафиғи мазһабына ілескен болып саналмаймыз ба? Себебі тап осылай дауыстап айту Шафиға мазһабында сүннет делінген. Осы жағдайда ханафилар арасында шафиғилар бойынша амал етіп, жоқ жерден жанжал шығарған болмаймыз ба?

Екіншіден: Біз жоғарыда айтып өткен сөзді қойып, ешбір мазһабпен ісіміз жоқ, айтқан сөзімізді хадистен алдық, деуіміз мүмкін. Кейін бұл хадисті қай жерден алдың

деп сұрақ қойса, пәленше деген мухаддис риуаят қылған дейміз. Сонда екінші тарап онда сіз сол мухаддиске ілескен екенсіз деп жауап қайтарады. Осылайша талас-тартыс жалғаса береді.

Үшіншіден: Егер біз «әминді» дауыстап айту сүннет деп, Ханафи мазһабы бойынша іштей айту сүннет емес десек бірнеше сахих хадиске қарсы шығып қалған болмаймыз ба?

Өйткені, Ханафи мазһабында бірнеше сахих хадистерде «әминді» іштей айтуға дәлел етіп келтірген. Егер екеуін де яғни «әминді» іштей де, сырттай да айтуға болады дегенді мойындар болсақ, онда ханафилердің ішінде осы мәселені қозғап келіспеушіліктер туғызудағы мақсатымыз не?

Төртіншіден: Ханафи мазһабы «әминді» іштей айту абзал екендігіне Құраннан дәлел келтіреді. Неге біз Құран мен сүннетке амал қылуға шақыра отырып, Ханафи мазһабының Құраннан келтірген дәлеліне қарсы шығамыз?

Осыған ұқсас сұрақтар бірінен кейін бірі шыға береді. Бұлардың барлығын терең және кең ойланып көруіміз қажет. Бір нәрсені айтар алдында оған бір негіз бар ма, өзіміз сол нәрсені айтуға лайықпыз ба? – деп өз-өзімізге

сұрақ қойғанымыз жөн. Сондай-ақ, осыған ұқсас басқа да мәселелерді жақсылап ойланып көрсек игі еді.

Біз әрдайым өзгелерді айыптаудан бұрын олардың сөзін тыңдап және олар өздерінің қандай дәлелдерін келтіретінін біліп, соны жақсылап үйренуіміз керек. Біз өзімізше Құран және сүннетке амал қылып жатырмыз деп ойлап, керіліп жүргенде, екінші тарап бізден жақсы және тура амал етіп жүрген болмасын.

Енді мәселеге басқа қырынан ой жүгіртіп көрейік. Өзімізге-өзіміз сауал қояйық. Бізде мұсылмандар өзара талас-тартысқа түсіп жүрген мәселелер негізінде таласып-тартысуға тұратын мәселелер ме еді?

Егер қырық-пышақ болып таласып-тартысуымызға себеп болған мәселелердің барлығын, мысалы «әминді» іштен не жария айтуды, руқуғқа барғанда екі қолды көтеруді, имамның артында қырағат қылудың үкімін зерделер болсақ, бұл сүннет амалы болады. Парыз да уәжіп те емес. Фикһ үкімі бойынша сүннет амалын орындаған адам сауап алады, қылмаған адам күнәһар болмайды. Бізді масқара қылуға себеп болған айтулы амалдарда ешкім сүннетті тәрк еткен жоқ. Керісінше бір

амалды орындау үшін екі жолдың бірін ғана жасады.

Ханафи мазхабын ұстанушылардың ғұламалары Құран аятынан бір дәлел, хадистен бірнеше дәлелдер келтіре отырып «әминді» ішінен айтуды сүннет деген үкімдеріне байланысты жеті атадан бері «әминді» іштен айтып келетін еді.

Арамызда кейбіреулер фикһи мазхабты шетке ысырып қойып, өзімізше ыждағаттанып, тікелей Құран мен сүннеттен үкім шығаруға тырысып, кей хадистерге сүйенген түрде «әминді» дауыстап айту абзал, дауыстап айтпай намаз оқу қате деп жүр. Осылайша намаздарда жамағат арасында «әминді» керегінен артық дауыстап айтып кісілердің мазасын алдық. Кейбіреулеріміз мешіттерге шәкірттерімізді жіберіп талас-тартысты күшейтуге әрекет жасадық. Осыдан барып арада ұрыс-керіс, талас-тартыстар пайда болды. Мұсылмандар бір біріне зиян шектіріп, ұрысып-төбелесіп, ортада кекшілдік өрбіді. Ендеше біз бұдан бір сүннет немесе бір мустахаб амалды істемегені үшін дүниенің астан-кестенің шығарып, мұсылмандар арасын бөліп, зиян беруден өзге нені көрдік?

Шариғатымыздың үкімі бойынша мұндай таласып-тартысу харам болып

табылады. Бұл үкіммен жоғарыда Тахауияның ақидасының түсіндірме-шархында таныстық. Харам нәрсені халал санау үмметтен шығарушы кәпірлік болса, ондай істің харам екенін мойындап тұрып істеу үлкен күнә болады. Бұл жайында ешкім таласып-тартыспаған. Себебі мұсылмандар арасында ұрыс жанжалды шығаруды адал деп білу күпір екендігі, және бұл харам істі қылу үлкен күнә екендігі жайлы Құран және хадистерде қайта-қайта айтылған. Құран және хадиске амал етуді жақсы көрген адам, мұндай нәрселерді білгеннен соң, өмір бойы талас-тартыстарға жоламайды деп білеміз.

Талас тартыстар жайлы кейбір аяттар

Енді талас-тартыстар жайлы Құранда келген аяттармен танысалық:

Бірінші аятта Аллах Тағала:

□□□□□□□□□□□□□□ □□□□□□□ □□□□
□□□□□□□□ □□□□ □□□□□□□□□□ □ □□□□□□□□□□□□
□□□□□□□□ □□□□ □□□□□□□□ □□□□ □□□□□□□□
□□□□□□□□□□ □□□□□□□□ □□□□□ □□□□□□□□□□
□□□□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□
□□□□□□□□ □□□□□ □□□□□ □□□□□□□□ □□□□□

□□□□□□□□ □□□□□□□□□□□□ □□□□□□□□ □ □□□□□□□□□□
□□□□□□□□□□ □□□□ □□□□□□ □□□□□□□□□□□□□□
□□□□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□□□ □□□□□□

«Түп түгел Аллаһтың жібіне (дініне) жабысындар да бөлінбендер. Сондай-ақ, өздеріңе Аллаһтың берген нығметін еске алындар. Өйткені, бір біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды. Оның игілігімен туысқа айналдындар. Оттан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды. Осылайша Аллаһ сендерге аяттарын тура жолға түсулерің үшін баян етеді»³. («Әли Ғимран» сүресі, 103)

Бұл аяттағы **«Аллаһтың жібі»** дегендегі мағына Құран Кәрім, Ислам діні. Оты лаулаған бір шұңқырға құлағалы тұрған адам арқанды мықты ұстап қалса құтылатынындай, тозақтың түбіне құлаудан құтылу үшін де Құран сөздерін, Исламды мықты ұстау қажет. Таласып-тартысып, жік-жікке бөлінудің қажеті жоқ.

Бұл аят мұсылман әлемін біріктіру ұраны. Әр қандай бірігу бөлінуді жоқ қылумен пайда болады. Мұнан кейін бұлай істеудің қаншалықты дәрежеде адамдарға пайдалы екендігін ұғып білсе болады.

³ «Әли Ғимран» сүресі, 103 аят.

Тәпсіршілеріміз жоғарыдағы аяттың түсу себебін төмендегінше түсіндіреді:

«Шас ибн Қайс атты адам Аус және Хазраж рулары жиналып отырған жерден өтіп бара жатып, жәһилиет кезінде бір бірімен дұшпан болған екі топтың достық рәуіште бірігіп отырғанын көреді де оның қатты ашуы келіп: «Егер бұлар біріксе бізге күн бермес» деп ойлап, бір яһуди баланы шақырып алып : «Арабтардың ішіне барып отырып, оларға «Буас» атты күнді еске салып және сол туралы өлеңдерді оқып бер», деп жібереді. Ол бала барып екі рудың арасына от жағып, Буас күнін естеріне салады⁴. Сонда отырғандар таласып тартысып қалады да: қару, қару деп дауыстап жібереді.

Бұл жәйт Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) құлағына жеткенде, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) мұһажірлер мен ансарларды ертіп алып Аус пен Хазраж руының алдына барып:

«Мен араларыңда бола тұра, Аллаһ сендерді Исламмен құрметті етіп, надандықты жойғаннан кейін де, араларыңа достықты салғаннан кейін де бөлініп алып

⁴ «Буас» күнінде Аус және Хазраж рулары қатты ұрысып қалып, ол ұрыста Аус руы Хазраж руын жеңген болатын.

надандарша ұрыспақшысыңдар ма?» – дейді. Адамдар дұшпанның сөзіне еріп ұрысып қалғандарын түсінеді де қолдарындағы қару-жарақтарды тастап, бір-бірінен кешірім сұрап, құшақтасып қол алысады. Жоғарыдағы аят осылайша түскен еді.

Бұл аяттағы сөздер негізінен барша мұсылмандарға түскенімен сол кезде Аус және Хазраж руына тиісті түскен еді.

Ендеше аяттың жалғасын талқылайық:

«Сондай ақ, өздеріңе Аллаһтың берген нығметін еске алыңдар. Өйткені, бір біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды».

Ислам Аллаһтың адам баласына берген ұлы нығметі. Сол иләһи нығметпен дұшпандар дос-бауырға айналды. Бір біріне деген дұшпандықты тек Ислам ғана кетіре алады. Тек қана Аллаһтың арқаны болған Ислам дінін мықты ұстаған адам ғана бір-біріне діни бауыр бола алады. Өйткені, Аллаһ Тағала: **«Оның игілігімен туысқа айналдыңдар»**, – деген.

Аллаһ Тағаланың Ислам нығметі болмағанында адамдар бір-бірімен шынайы діни бауыр бола алмас еді.

«Оттан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды. Осылайша

Аллаһ сендерге аяттарын тура жолға түсулерің үшін баян етеді», – деген.

Яғни адамдар Ислам дініне кірмес бұрын талас-тартыста, ұрыс-керісте, надандық үкімі астында едіңдер, сондай-ақ, қисық-қыңыр жолда едіңдер. Ол жол –Оттан бір шұңқырдың ернеуі еді. Аллаһ Өзінің ұлы нығметі болған бақыт жолы Исламға салып қойды да алаулы отқа құлаудан құтқарды.

Расында, Ислам діні таласып-тартысқандарды бірлестіру, ұрысып жатқандарды жарастыру мен дұшпандарды достастыруға қызмет ететін иләһи дәстүр. Аллаһтан келген бұл дін адам баласына тек жақсылық келтіретіндігі анық. Исламға өзін лайықтымын деп дағуат жасап жатқандар таласып-тартысса (ихтиләфтар тудырса), ұрысып, бір-бірлеріне дұшпандық қылса олардың өздері айыпты болады.

Екінші аятта:

□□□□□□□□□□ □□□□ □□□□□□□□□□ □□□□
□□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□
□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□□□□ □□□□ □□□□ □□□□
□□□□□□□□□□□□□□ □□□□

«Аллаһқа әрі Елшісіне бой ұсынындар, өзара жанжалдаспаңдар, онда сәтсіздікке жолығасындар да күш-қуаттарың кетеді және сабырлы болындар. Шын мәнінде Аллаһ сабырлылармен бірге»⁵.

Мұсылмандар Аллаһқа және Оның Елшісі Мұхаммедке (с.ғ.с) қаншалықты бой ұсынса, көптеген жетістіктерге қол жеткізе береді. Мұсылмандардың өзара таласып-тартысудан қашық болулары, Аллаһ Тағала мен Оның Елшісіне мойынсұнулары да көптеген жетістіктерге жету жолдарының бір амалы болып табылады. Аллаһқа әрі Оның Елшісіне бой ұсынбай, өзара таласып-тартысудың соңы не іспен бітетіндігін Аллаһ Тағала жоғарыдағы аятта былайша баян етеді:

«...өзара жанжалдаспаңдар, онда сәтсіздікке жолығасындар да күш-қуаттарың кетеді...»

Аллаһтың сөзі – хақ. Ислам тарихында мұсылмандар қашан жеңілген болса, тек қана таласып-тартысу және өзара келіспеушілік

⁵ «Әнфәл» сүресі, 46 аят.

салдарынан сол хәлге тап болған. Бұл мәселе төңірегінде имам Ғазалидің Жазайрдегі Ситиф қаласында болған жиналыста айтқан сөзін келтірмекшімін:

«Аллаһ Тағала маған Ислам тарихын үйрену мүмкіншілігін берді. Бүгінгі күнде мен Ислам тарихын жетік үйрендім дей аламын. Аллаһтың атымен ант етейін мұсылмандар Ухуд күнінен бастап, бүгінгі күнге дейін сыртқы дұшпаннан жеңілген жоқ. Мұсылмандар қашан жеңіліске ұшыраған болса, тек қана таласып-тартысу және өзара ішкі келіспеушілік салдарынан ғана жеңіліске ұшыраған»

Аят жалғасында Аллаһ Тағала былай дейді:

«... және сабырлы болыңдар. Шын мәнінде Аллаһ сабырлылармен бірге».

Демек арада талас-тартыс туындамау үшін сабыр керек. Сабырсыздық мұсылмандар арасында түрлі талас-тартыстар мен ұрыс-керістердің шығуына себеп болады. Аллаһ сабыр етушілермен бірге, сабыр етушілерді түрлі жамандықтардан сақтайды. Сабыр етпей шыдамсыздық танытқандар талас-тартыстардың жамандығына жолығады.

Үшінші аятта:

Бұл кітаптың маңызын білгендеріңізге
құрметпен ұсынамын. Бұл кітаптың
маңызын білгендеріңізге
құрметпен ұсынамын.
Бұл кітаптың маңызын білгендеріңізге
құрметпен ұсынамын.

«...Әрі ортақ қосушылардан болмаңдар. Сондай олар діндерін бөлшектеп, топтарға бөлініп, әрбірі өз алдындағыларына мәз болғандар»⁶.

Демек, дінде бөлініп, таласып-тартысу мүшріктердің ісі болып саналады екен. Топ-топ болып бөлініп алып, талас-тартыс шығарып, өзара айтысу да мүшріктердің ісінен болып табылмақ. Әрбір топ өз алдындағы мәселелерден шаттыққа бөленіп, басқаларды өзінен төменсіту де ортақ қосушылардың амалын істеушілерден болып табылады екен.

Төртінші аятта:

Бұл кітаптың маңызын білгендеріңізге
құрметпен ұсынамын. Бұл кітаптың
маңызын білгендеріңізге
құрметпен ұсынамын.

⁶ «Рум» сүресі, 31-32 аяттар.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ
مَدِیْنَةُ مَدِیْنَةُ مَدِیْنَةُ
مَدِیْنَةُ

«Күдіксіз діндерінде бөлініп, топтарға айрылғандармен ешбір байланысың жоқ. Сөзсіз олардың ісі Аллаһқа тән. Кейін оларға істеген істерін түсіндіреді»⁷.

Бұл аятта Аллаһ Тағала бөлінуге және өз алдына топтасуға алып баратын істерді Пайғамбарымыздың(с.ғ.с) жолынан бөлек екендігін айтып тұр. Және бұл аятта Аллаһ Тағала мұндай нәрселерді Мұхаммедтің (с.ғ.с) үмметіне лайық емес іс екендігін ескертуде.

Бесінші аятта, Пәлекетке жолыққан әһли кітап иелерінің әрекетін бізге өнеге етіп:

يٰۤاَيُّهَا الَّذِیْنَ اٰمَنُوْا
يٰۤاَيُّهَا الَّذِیْنَ اٰمَنُوْا
يٰۤاَيُّهَا الَّذِیْنَ اٰمَنُوْا
يٰۤاَيُّهَا الَّذِیْنَ اٰمَنُوْا
يٰۤاَيُّهَا الَّذِیْنَ اٰمَنُوْا
يٰۤاَيُّهَا الَّذِیْنَ اٰمَنُوْا
يٰۤاَيُّهَا الَّذِیْنَ اٰمَنُوْا

«...Сондай Кітап берілгендер, өздеріне мәлімет келгеннен кейін араларындағы күншілдіктен ғана талас-тартысқа түсті»⁸. («Әли Ғимран» сүресі, 19)

Бұл аяттың білдіруінше талас-тартыстардың себебі өзара көре алмастық пен

⁷ «Әнғам» сүресі, 159 аят.

⁸ «Әли-Ғимран» сүресі, 19 аят.

күншілдіктен екен. Сонда бізге таласып-тартысу өзге діндерден мұра болып қалғаны ма?

Алтыншы аятта:

□□□□ □□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□
□□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□□□□□ □□□□ □□□□□□ □□□
□□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□□□□ □ □□□□□□□□□□□□□□□□
□□□□□□ □□□□□□□□ □□□□□□□□ □□□□□□

«Өздеріне ашық дәлелдер келгеннен кейін сондай бөлініп, қайшылыққа түскендер тәрізді болмаңдар. Міне, соларға зор азап бар»⁹.

Иә, көзімізді ашып, өз-өзімізді түзетуіміз қажет. Ислам дініміз арқылы өзімізге ашық дәлелдер келгеннен соң да бөлініп, бір-бірімізбен тартысып, ұрыс-жанжалға бас қоя берсек қатты азапқа душар болып қаларымыз анық.

Таласып-тартысу жайлы кейбір хадистер

Енді таласып-тартысудың жамандығы жайлы Пайғамбарымыздан келген кейбір хадистерді біліп алайық:

Бірінші хадис:

⁹ «Әли-Ғимран» сүресі, 105 аят.

Имам Мүслим риуаят еткен хадисте
Пайғамбарымыз (с.ғ.с):

وَلَا تَخْتَلِفُوا فَتَخْتَلِفَ قُلُوبُكُمْ

«Таласып-тартыспаңдар, жүректерің
қайшыласуға бейім болып қалмасын» – деген.

Біз Пайғамбарымыз (с.ғ.с) қайтарған
нәрселерден қайтуымыз шарт. Пайғамбарымыз
(с.ғ.с) бізді таласып-тартысудан қайтарып
тұрған болса, ал біз оған қарамай өзара
таласып-тартыса беретін болсақ не болады?!
Бұл хадисте таласып-тартысудың кесір боп
тиетіндігі білдіріліп тұр. Бұл – жүректердің
қайшыласуға әдеттеніп қалуына әкеп соғады.

Иә, бір-екі рет таласып-тартысқаннан
кейін, оның әсерінен жүрек қайшыласуға бейім
болып алса, Аллаһ бетін аулақ қылсын, ондай
жүрек иелері күмәнсіз бастарын келіспеушілік
пен ұрыс-жанжалдардан шығара алмай қалады.

Екінші хадис:

Абдуллаһ ибн Амр (р.а) риуаят еткен
хадисте:

أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ ابْنَ عَمْرٍو قَالَ: هَجَرْتُ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ □ يَوْمًا قَالَ
فَسَمِعَ أَصْوَاتَ رَجُلَيْنِ اخْتَلَفَا فِي آيَةٍ فَخَرَجَ عَلَيْنَا رَسُولُ اللَّهِ □ يُعْرِفُ فِي وَجْهِهِ
الْعُضْبُ فَقَالَ إِنَّمَا هَلَاكَ مَنْ كَانَ قَبْلَكُمْ بِاخْتِلَافِهِمْ فِي الْكِتَابِ.

«Бір күні Пайғамбардың (с.ғ.с) алдына күн қайнап тұрған кезде барған болатынмын, бір аят жайлы таласып-тартысып жатқан екі кісінің дауысын естіп қалдым. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с) шықты, жүзінен ашулы екендігі байқалып тұрды Ол: – *«Әлбетте сендерден бұрынғы өткендер Кітап жайлы таласып-тартысқандары үшін пәлекетке ұшыраған»* – деді

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өз сахабаларының екі кісі бір аят жайлы таласып-тартысқанда ашуланғаны жәйдан-жәй емес екен. Өйткені, ол екеуі өздері сезбеген халде тарихтағы ең үлкен қателердің бірін істеп жатқан еді. Ол болса, Аллаһтың кітабы жайлы таласып-тартысу еді. Бұрынғы өткен үмметтер Аллаһтың кітабы жайлы таласып-тартысқаны үшін пәлекетке жолыққан екен. Егер біз де сол істі жасайтын болсақ, сол қауымдардың қате істерін қайталаған болмаймыз ба?

Үшінші хадис:

Имам Бұхари риуаят еткен хадисте Абдуллаһ ибн Аббас (р.а) мыналарды айтты:

سَمِعْتُ رَجُلًا قَرَأَ آيَةَ سَمِعْتُ مِنَ النَّبِيِّ □ خِلَافَهَا فَأَخَذْتُ بِيَدِهِ
 فَأَتَيْتُ بِهِ رَسُولَ اللَّهِ □ فَقَالَ كِلَاكُمَا مُحْسِنٌ قَالَ شُعْبَةُ أَظُنُّهُ قَالَ لَا تَخْتَلِفُوا
 فَإِنَّ مَنْ كَانَ قَبْلَكُمْ اخْتَلَفُوا فَهَلَكُوا.

«Мен Пайғамбарымыздан (с.ғ.с) есіткен аяттарды бір кісінің мен естігеннен өзгеше қырағат етіп оқып жатқандығын есітіп қалдым да оның қолынан жетелеп Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) алдына алып бардым. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Екеуіңдікі де дұрыс» – деді. *Шұғба, таласып-тартыспаңдар. Расында, сендерден бұрынғылар таласып-тартысты да пәлекетке жолықты, деп айтты».*

Демек, дінімізде бір нәрсені екі түрлі орындауға мүмкін болатын жайлар да бар екен. Белгілі бір аяттарды Абдуллаһ ибн Аббас (р.а) бір түрде қырағат етсе, Шұғба есімді сахаба (р.а) басқа түрде қырағат етіп жатқандығы айтылған. Кейін Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) алдына барғанында: «екеуіңдікі де дұрыс» – деген. Бірақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с) мұндай мәселе жайлы таласып-тартысудан қайтарып отырған.

Міне, құрметті де ізетті мұсылман бауырлар, мұсылманның таласып-тартысуы харам екендігі жайлы және ешкім ешуақытта таласып-тартыспауы керектігі жөнінде дәлел

болатын кейбір аяттар мен хадис шарифтерден хабардар болдық. Ендеше өз-өзімізге ынсап қылып бір сұрақ қойып көрейікші: Құран мен сүннетпен жүреміз дегеніміз қайда және амалымыз қайсы? Сол насихаттап жүрген нәрселеріміз, оны орындау да, орындамау да сүннет болған істе талас-тартысты қозғап, бірнеше аят-хадистерге қарсы шығып, харам істі қылғанымыз Құран мен сүннетке амал ету деп аталады ма? Сондықтан да ғұламалар бір сөзді айтудан немесе бір істі орындаудан бұрын оны жақсылап зерттеп, егер ол зиян алып келмейтін болса, сосын барып кірісуге болады деген.

Істесе сауап, істемесе күнә болмайтын сүннет амалы жайлы таласып-тартысудың соңы харам іске алып барады. Бұл дініміздің үкімдерін толық білмегендіктен.

Не үшін біз Құран және сүннетке амал ету істерінде кішкене ғана нәрседе таласып-тартысамыз да, ал Құран және сүннетте ең басты мәселелердің бірі боп табылатын мұсылмандардың бірлігі жайлы бұйрықтар мен тыйымдарға амал етпейміз?

Енді, талас-тартыстардың шығуына себеп болған кейбір мәселелерді таразыға салып, талқылап көрсек. Оларды ғұламаларымыз

қалай түсіндірген екен? Сол жайлы білгіңіз келсе құлақ түріп көріңіз.

**«Әминді» намазда іштей айту
абзал ма,
әлде дауыстап айту абзал ма?**

Бұл сарапталып алынған мәселе өзара талас-тартыс тудырып отырған мәселелердің ішіндегі ең бірегейі десек, асыра айтқандық емес. Әрине, бұл мәселе тап бүгінгідей ортаға қойылған жоқ. Керісінше, намазда «әмин» дауыстап айтылады ма, әлде іштей айтылады ма дегенге негізделіп қойылды. Негізінде төрт мазһабтың басында тұрған ғұламаларымыз, мұжтахидтеріміздің барлығы бір ауыздан, намазда «Фатиха» сүресінен соң «әминді» айтуды сүннет деп келіскен. Ал «әминді» дауыстап айту немесе айтпау жайлы екі түрлі жолды ұстанған.

Кейбіреулері – Шафиғи мен Ханбали мазһабының ғұламалары «әминді» дауыстап айтуды абзал санаған болса, кейбір ғұламаларымыз әсіресе Ханафи мен Малики мазһабының ғұламалары «әминді» іштей айтуды абзал көрген.

Себебі Пайғамбарымыздан (с.ғ.с) риуаят етілген хадистерде екі жағына да дәлел

табылған. Кейін әрбір тарап өздерінің не үшін бір жағын абзал санағанын түсіндіру мақсатында өз дәлелдерін келтірген және екінші тараптың дәлелдеріне де өз пікірлерін айтқан. Біз олардан хабарымыз бар ма, жоқ па белгісіз, бірақ тап осы мәселеде талас-тартыс (ихтилаф) шығарғанымыз анық. Енді болар іс болды десек те бәрібір пайдасы болар деген ниетте Аллаһтан көмек сұрап, осы мәселе бойынша нендей әңгіме сөздер болғанын түсініп, бағамдауға бір талпынып көрсек деген үміт-теміз.

Тақырыпқа кіріспес бұрын мынаны айтып өткеніміз абзал болар, осыны жазып отырған қызметшілеріңіз өзі ұстанған мазһабқа байланысты намазда «әминді» ішінен оқитындарға да, «әминді» намазда дауыстап айтатындарға да өз құрметін білдіреді. Әсіресе, осы мәселеде ижтихад жасаған сәлафи салих ғұламаларымыздың барлығына құрметпен бас иеді. Олардың еш қайсыларына сәл болса да бір орынсыз пікір немесе соған ұқсас сөздер болмауын ниет етеді. Себебі ол ғұламаларымыз істеген ісі тура болса екі сауап, қателескен болса бір сауап алып кеткен. Өткендерімізге, әсіресе өткен ғұламаларымызға құрмет ету біздің борышымыз.

«Әминді» дауыстап айтуға келіскендердің дәлелдері

Енді намазда «Фатиха» сүресін оқып болғаннан соң «әминді» дауыстап айтуды абзал санағандардың дәлелдеріне тоқталып өтеміз. Бұл жақтың ең танымал уәкілі, алдында айтып өткеніміздей Шафиғи мен Ханбали мазһабтары болып табылады.

Бірінші дәлел:

Имам Бұхари Әбу Һурайрадан (р.а) риуаят еткен хадисте:

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ قَالَ إِذَا قَالَ الْإِمَامُ (غَيْرِ الْمَعْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ) فَقُولُوا آمِينَ فَإِنَّهُ مَنْ وَاَفَقَ قَوْلُهُ قَوْلَ الْمَلَائِكَةِ غُفِرَ لَهُ مَا تَقَدَّمَ مِنْ ذَنْبِهِ.

Аллаһ Елшісі (с.ғ.с): «Қашан имам «...ғайрил мағдуби ғалайһим уаладдоллин» – десе әмин деңдер. Өйткені, кімнің айтқаны періштелердің айтқанымен тура келсе, оның өткен күнәлары кешіріледі» – деген.

Имам Шафиғи мен имам Ханбали және олармен пікірлес жақтар осы хадиске сүйеніп, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) имам «әмин» десе бізге де «әмин» деуімізге бұйыру да, ендеше біз де «әмин» деуіміз керек дейді.

Ал, «әминді» іштей айтуды құп көретіндер Ханафилер мен Маликилер. Олар «әмин» деп айту өте дұрыс, сол үшін біз де солай айтамыз. Бірақ бұл хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с) «әминді» дауыстап айтындар деп тұрған жоқ қой. Сондықтан бұл хадисті «әминді» дауыстап айтуға дәлел қыла алмайсыздар дейді. Расында бұл хадис екі жаққа да дәлел бола алады.

Екінші дәлел:

Имам Мұслим Әбу Муса әл-Ашғаридан (р.а) риуаят еткен хадисте:

إِنَّ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ خَطَبَنَا فَبَيَّنَ لَنَا سُنَّتَنَا وَعَلَّمَنَا صَلَاتَنَا فَقَالَ إِذَا صَلَّيْتُمْ فَأَقِيمُوا صُفُوفَكُمْ ثُمَّ لِيَوْمِكُمْ أَحَدُكُمْ فَإِذَا كَبَّرَ فَكَبِّرُوا وَإِذَا قَالَ (غَيْرِ الْمَعْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ) فَقُولُوا آمِينَ يُجِبْكُمْ اللَّهُ.

«Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бізге хұтба қылып, бізге сүннет жайлы баяндады да намаз оқығанда сапқа тұрыңдар, біреулерің сендерге имам болсын, ол тәкбір айтқан кезде сендер де тәкбір айтыңдар. Қашан ол «...ғайрил мағдуби ғалайһим уаладдоллин» десе, сендер әмин деңдер. Аллаһ Тағала қабыл етеді» – деген.

Бұл хадис -шариф жайында да осы тараптағылар бірінші хадистегідей айтады. Сөзді түйіндеп айтар болсақ «әминді» дауыстап айту жайында бекітілген үкім жоқ екендігін

аңғарамыз. Негізінде дауыстап айтуға дәлірек үкім болмағандықтан «әминді» іштей айтуды абзал санайтындардың пікірлері «әминді» дауыс шығарып айту абзалырақ дейтіндердің пікірлерінен жоғары тұрады. Және осыған ұқсас бір-екі риуаяттар келтіріледі. Олардың кей сөздері басқа болғанымен мағынасы бір.

«Әминді» дауыстап айту абзал дегендер Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) әмин деп айтқаны жайындағы хадистерді де дәлел ретінде келтіреді.

Үшінші дәлел:

Хафиз Әбу Бишр әд-Дауалиби келтірген риуаятта Уайл ибн Хужр әл-Хазрами (р.а) былай дейді:

رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ حِينَ فَرَغَ مِنَ الصَّلَاةِ حَتَّى رَأَيْتُ خَدَّهُ مِنْ هَذَا الْجَانِبِ وَمِنْ هَذَا الْجَانِبِ وَقَرَأَ (غَيْرِ الْمَعْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ) فَقَالَ: آمِينَ يَمُدُّ بِهِمَا صَوْتَهُ مَا أَرَاهُ إِلَّا يُعَلَّمُنَا.

«Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с) намазда болғанын көрдім. Тіпті о жағынан да, бұ жағынан да көрдім. Ол кісі: «...ғайрил мағдуби галайһим уаладдоллин» деп қырағат қылғаннан кейін, даусын созып «Әәмиин» деді. Мұны бізге тәлім ретінде жасаған болар деп ойлаймын».

Қарсы жақ осы және осыған ұқсас хадистерде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) имам

болып тұрып, «әминді» айтқандығын алға тартады. Бірақ бұл, имамның артында тұрып намаз оқып жатқан кісілерге «әминді» дауыс шығарып айтсын дегенге дәлел бола алмайды, дейді. Сонымен бірге, хадисте дауысын созып айтты дейді, дауыстап айтты делінген жоқ. Әдетте имамның бірінші сапта тұрған кісілер есітетіндей дәрежеде дауыс шығаруы бір нәрсені дауыстап айту делінбейді. Себебі көп сахих риуаяттарда келуінше, Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с) бесін намазында кейбір аяттарды бірінші қатардағылар есітетіндей дәрежеде дауыс шығарып оқығаны белгілі. Бесін намазында дауыс шығарып қырағат қылынбайтындығы да баршаға аян.

Екіншіден, тап осы хадистің имам Ахмад, Әбу Дәуд ат-Таиулуси, Әбу Иағло әл-Мүсили, имам Дора Қутни және имам әл-Хакимдер келтірген басқа бір риуаятта, ол кісі: «...*ғайрил мағдуби ғалайһим уаладдоллинге*» жеткенде дауысын бірінші қатардағылар есітетіндей дәрежеде төмендетіп, «әмин» деді, деген сөздермен келтіреді. Демек, сол намаз дауыс шығарып қырағат ету керек болған намаз болса да Пайғамбарымыз (с.ғ.с) Фатиха сүресін дауыстап оқып болған соң, бірінші қатардағылар еститіндей дәрежеде ғана шығарып

«әмин» деген. Оның үстіне Уайл ибн Хужрдың¹⁰ (р.а) «*Мұны бізге тәлім ретінде жасаған болар деп ойлаймын*» – деген сөздерін дәлел қылып, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) «әминді» айтқан болса да тәлім ретінде айтқан, дейді. Себебі Уайл ибн Хужр әл-Хазрами (р.а) иамандық (иемендік) басшы кісілерден болған, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хабарларын естіп Мәдина қаласына өзі арнайы барады. Ислам дінін қабылдап, бір аптадай Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) жанында тәлім алып, намаз оқуды үйреніп, сосын өз еліне қайтып кеткен. Міне осыған байланысты көрген-естігендерін кейінірек риуаят қылып берген.

Ең маңыздысы, әуелде айтып өткеніміздей Пайғамбарымыз (с.ғ.с) «әминді» айтқан болса да имам болып тұрып айтқан. Бұл риуаяттың қауымға «әминді» дауыстап айтуына қандай қатысы бар дейді ханафилықтар.

Сондықтан болса керек, қазіргі таңда «сүннет тұрғанда фикһтың не керегі бар?»-дейтіндер өз тартысуларында «әминді» дауыс шығарып айтуға жоғарыдағы риуаяттарды дәлел қылып келтірмейді.

¹⁰ Жоғарыдағы (үшінші дәлел) хадисті риуаят еткен кісі.

Сайд Сабик «Фикһус-сүннә» китабында төмендегі сөзді жазады:

«Намаз оқушы Фатиханы оқып болғаннан соң әмин деуі сүннет. Дауыстап оқылатын намазда дауыстап оқып, сырлы оқылатын намаздарда дауыс шығарылмайды. Нуғайм әл-Мужмирден риуаят етіледі, ол кісі Әбу Һурайраның (р.а) арқасында тұрып намаз оқыдым. Ол «Бисмилләһир рахманир рахим» деді, сосын Фатиха сүресін оқыды, «уалад-доллингә» жеткен кезде әмин деді. Адамдар да әмин деді, деген»

Сайд ас Сабиктың бұл сөздері туралы оның өзіне ұқсап амал ететін хадис ғалымдарының бірі Насриддин Албани ол сөздердің орынды емес екендігін айтып жауап қайтарады. Өйткені, бұл риуаятта дауыс шығарып айтылғаны дәлірек айтылмаған. Риуаят етуші жақын тұрып айтылған «әминді» есіткен болуы мүмкін.

Кейін Сайд Сабик:

«Ибн Зубайр және онымен бірге болғандар «әминді» айтқанда, мешітте қатты дауыс шыққан» деген сөзді келтіреді.

Насриддин Албани болса, бұған жауап ретінде былай деп жазады:

«Ілесушілердің «әминді» дауыс шығарып айтулары жайында бұдан басқа

деректер жоқ. Бұл толық дәлел бола алмайды. Өйткені оны Пайғамбарымызға (с.ғ.с) дейін жеткізбеген. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) «әминді» дауыс шығарып айтқаны жайлы хадистер келді де бірақ ол хадистердің біреуінде де сахабалар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) арқасында тұрып «әминді» дауыстап айтты деген сөз жоқ».

Шейх Насриддин Албани бұл мәселе жөніндегі сөздерінің жалғасында имам Шафиғи де кейінірек «әминді» іштен айту абзал екендігіне қайтқаны жайлы және өзінің «Умм» атты кітабында «әминді» дауыстап айтуды дұрыс санамаймын деп жазғандығын келтіреді.

Бұл, басында «әминді» дауыстап айту абзал деген ғұлама адамның, кейінірек басқа дәлелдермен танысып шығып, өзінің бірінші сөзінен қайтқанын көрсетеді.

Хадис ғұламаларының қазіргі таңда көп сөз болып жүрген мешітті басына көтеріп «әмин» делінгені жайындағы риуаяттардың өте әлсіз (дағиф) екендігін түсіндіріп бергеніне аңдап қарағанымыз жөн болар.

**«Әминді» іштей айту абзал
дейтіндердің дәлелдері**

Бұл пікір негізінде Ханафи мазһабы жағынан айтылғандығын алдында атап көрсеткен едік. Енді Ханафи ғұламаларының дәлелдеріне тоқталайық. Әуелі бір нәрсені ескертіп қойғанымыз абзал болар. Ханафи ғұламалары кейбіріміз аузымызға не келсе соны айтып жүргеніміздей, адамдарды тек қана өз пікірімен жүруге үндемейді. Олар әрбір үкімге Құран мен сүннеттен дәлел келтіруге тырысқан. Дәлірек айтқанда Құран мен сүннеттен алынған үкімдерді қарапайым кісілерге жеткізуге тырысқан. Бұл жөнінде төменде келтірілетін хадистерден біліп алсақ болады.

Бірінші дәлел:

«Әмин» сөзі -дұға болып саналады. Оның мағынасы дұғаны қабыл ет!- дегені. Дұғаны қалай қылу жөнінде Құранда Аллаһ Тағала былай дейді:

□□□□□□□□ □□□□□□□□ □□□□□□□□
 □□□□□□□□□ □ □□□□□□□ □□ □□□□□□
 □□□□□□□□□□□□□□□□□□□□ □□□□

«Раббыларыңа жалбарынып, жасырын түрде тілеңдер. Күдіксіз ол шектен шығушыларды жақсы көрмейді»¹¹.

¹¹ «Ағраф» сүресі, 55 аят.

Осы аятқа қарағанда «әминді» іштен айтудың қажеттігі шығады.

Екінші дәлел:

«Әмин» сөзі Құран аяты емес екені барлығымызға белгілі. Оның үстіне арабша да емес. Ал «Әғузу билләһи минәш шәйтонир ражим» – деген Құраннан және оны Құран оқығанда айту уәжіп қылынған. Солай бола тұрса да «Әғузу билләһи минәш шәйтонир ражимді» намазда ішімізден айтамыз. Олай болса, не үшін «әминді» дауыстап айтуымыз керек?!

Үшінші дәлел:

Хасаннан (р.а) риуаят еткен хадисте:

أَنَّ سَمُرَةَ بْنَ جُنْدُبٍ وَ عِمْرَانَ بْنَ حُصَيْنٍ تَذَاكَرَا فَحَدَّثَتْ سَمُرَةُ بْنُ جُنْدُبٍ أَنَّهُ حَفِظَ عَنْ رَسُولِ اللَّهِ ﷺ سَكْتَتَيْنِ سَكْتَةٌ إِذَا كَبَّرَ وَ سَكْتَةٌ إِذَا فَرَغَ مِنْ قِرَاءَةِ (غَيْرِ الْمَعْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ) فَحَفِظَ ذَلِكَ سَمُرَةُ وَ أَنْكَرَ عَلَيْهِ عِمْرَانُ بْنُ حُصَيْنٍ فَكَتَبَا فِي ذَلِكَ إِلَى أَبِي بِنِ كَعْبٍ فَكَانَ فِي كِتَابِهِ إِلَيْهِمَا - أَوْ فِي رَدِّهِ عَلَيْهِمَا - أَنَّ سَمُرَةَ قَدْ حَفِظَ.

«Самура ибн Жундуб және Имран ибн Хусайн (р.а) өткенді еске алып отырды. Самура ибн Жундуб (р.а) Пайгамбарымыздың

(с.ғ.с) екі сәктаны (бір шама үнсіз тұруды) тәкбір тахриманы айтқанда және «ғайрил мағдуби ғалайһим уаладдоллин» қырағатынан соң қолданатынын есіне сақтап қалғандығын айтты. Имран ибн Хусайн бұл кісінің сөзіне иланбады. Кейін екеуі Убай ибн Кағбке (р.а) хат жазды. Екеуіне қайтарған жауап хатында: «Тап солай, мұны Самур ибн Жүндуб жадында жақсы сақтап қалыпты, делінген екен»¹² – деп риуаят қылынған.

Демек, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) намаз бастағандағы тәкбір айтудан кейін де, «Фатиха» сүресін оқып болғаннан кейін де біршама үнсіз тұруды әдет қылған. Міне, осы амалдарды атқару үстінде сахабалар да тап осылай істеген екен.

Ханафи ғұламалары өз дәлелдерін бекемдей түсу үшін осы мағынаға жақын тағы бірнеше риуаяттарды келтірген.

Төртінші дәлел:

Әбу Уайл (р.а) риуаят етеді:

كَانَ عَلَيَّ وَعَبْدُ اللَّهِ لَا يَجْهَرَانِي بِبِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
وَلَا بِالتَّامِينَ.

¹² Имам Әбу Дауд және басқа да хадис ғұламалары риуаят еткен.

«Али және Абдуллаһ Бисмилләһир рахманир рахимды да, әғузуды да, «әминді» де дауыстап айтпайтын еді»¹³ деген.

Хазреті Али мен Абдуллаһ ибн Масғуд (р.а) сияқты Пайғамбарымызбен (с.ғ.с) әр уақыт бірге жүрген, өте ілімді сахабалардың «әминді» іштерінен айтулары да күшті дәлел болып саналады. Басқа бір риуаятта Омардың да (р.а) «әминді» ішінен айтып намаз оқығаны мәлім-деледі.

Ханафи ғұламалары тап осы мағынадағы басқа да аты мәшһүр сахабалардың риуаяттарын келтіреді.

Бесінші дәлел:

Намаз өте маңызды (танымал) ғибадат болып саналады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) намаз парыз болған күннен бастап әр күні намазды жамағатпен оқыған. Ол кісінің қалай намаз оқығанын барлық сахабалар көріп байқап отырған. Егер «әминді» дауыстап айту абзалырақ болғанда Пайғамбарымыз (с.ғ.с) оның ара жігін ажыратып берген болып және бұған еш күмән да қалмас еді. Аллаһ Елшісінің өзі имам болып, кейде үйрету үшін бірінші саптағылар еститіндей қылып «әмин» дегенінен

¹³ Табаранидың риуаяты.

басқа ешбір дәлел жоқ, әсіресе, имамға ұйыған кісілердің «әминді» дауыстап айтқандары жөнінде ешбір риуаят жоқ.

Құрметті оқушылар! Біз «әминді» намазда іштей айту абзал ма, әлде сырттай айту абзалырақ па? деген мәселе бойынша бұрынғы ғұламаларымыздың сөздерін барынша қысқаша түрде ғана келтірдік. Сондай-ақ, бұрынғы ғұламаларымыздан екі тараптың да дәлелдерін келтірдік. Ендеше, бұрыннан-ақ қарастырылған нәрсені қайта қозғаудың не керегі бар?- деген сауалдың туындауы өз-өзінен түсінікті. Иә, әуелі бір нәрсені жақсылап зерттеп алмай тұрып, көпшілікке айтылатын болса, оның арты қолайсыз жағдай туғызатындығы күмәнсіз.

Осы пікірімізді тағы да қуаттау үшін және бір мәселеге тоқталуға, сондай-ақ, біраз түсіндіріп өтуге рұқсат бергейсіздер.

Рүкуғқа бара жатқанда және қиямға көтеріліп жатқанда екі қолды көтеру мәселесі

Бұл да өте көп талас-тартыс тудырып жүрген мәселелердің бірі. Бұрын намаз оқушылар Ханафи мазһабымен жүріп, намаз басындағы тәкбір тахримадан басқа кезде қол

көтермейтін-тұғын. Барлығы намаздарын алаңсыз, әркім шама-шарқына қарай оқып жүретін.

Кейіннен, жоғарыда айтып өткеніміздей, фикһи мазһабтарды, олардың негізі болған ұлы мүжтахид ғұламаларымызды мойындамай, өздерінше Құран және сүннетке амал қылуды және басқалардың да өздеріне еруін дұрыс көретін насихатшылар пайда болды. Олар намазда рукуғқа бара жатқанда және одан қайтып жатқанда екі қолын көтермеу, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) сүннетіне қарсы деп түрткілей бастады. Сондай-ақ, пікірлерін қуаттау үшін хадис-шарифтерден дәлелдер келтірді. Міне, сондайлар өздерін Ислам әлеміндегі мың жылдың бір үлкен қатесін тапқандай, Ханафи мазһабымен жүрген жүз миллиондаған адамды Құран және сүннет жолына салып жатқан қаһарман сияқты сезінетіндей. Олар өздерінен өзгенің насихатын тыңдауды ұнатпайтын. Бұған қосылмағандарды, қарсы шыққандарды Құран мен сүннетке қарсы шығушы деп білетін. Бірақ өздерінің ісі Құран мен сүннетке сай келе ме, жоқ па, ойға да алмайтын.

Негізінде, осы мәселелерді көтеруіміз ескі талас-тартыстарды қозғап, мың төрт жүз жылдық талас-тартыстардың жарасын қайта тырнап қанатқандай сезіледі. Намазда рукуғтан

бұрын және тұрып жатқандағы қол көтеру мәселесін 150-һижри жылы туылған имам Шафиғи мен және оның замандастары имам Ахмад ибн Ханбалдар (р.ғ) қозғаған еді. Бүгінгі күні келтіріп отырған дәлелдерді және олар білмеген хадистер мен риуаяттарды міне, осы ұлы мүжтахидтеріміз келтірген еді. Арадағы айырмашылық өткен сәлафи салихалылар қазіргілерге ұқсап өз пікірлеріне қосылмағандарды Құран мен сүннетке қарсы шығуда деп айыптамайтын еді. Керісінше, олар өздеріне қарсылас пікірдегілерді де Құран және сүннетке сай өздеріне жарасымды ижтихадтық жолмен амал қылушы дін бауырлары сипатында құрметтер еді. Егер бізде де біраз ғана ілім болғанында, бұндай ихтилафтар тумас еді. Өкінішке орай бізде не білім, не білімсіздігімізді мойындауға ынсабымыз жеткіліксіз сияқты.

Келіңіздер, ілімсіздігімізді мойындай отырып және мұндай қателіктерге қайта ұрынбауымыз үшін бұл мәселені ілім жолымен қарастырып шығайық.

**Рүкуғқа барғанда және қайтып
жатқанда екі қолды көтеру керек
дейтіндердің дәлелдері мен олардың
талқылаулары**

Бұл үкімге амал етуге шақырып жүргендердің ұстанымы -негізінде төрт атақты және белгілі фикһ мазһабтарымыздың екеуі, яғни Шафиғи мен Ханбали мазһабы болып табылады. Олар өздерінің осы үкімдеріне бірнеше хадис-шарифті дәлел қылып келтіреді:

Бірінші дәлел:

Имам Бұхари және Имам Мұслим риуаят еткен хадисте Ибн Омар (р.а) былай дейді:

عَنْ ابْنِ عُمَرَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ ﷺ كَانَ يَرْفَعُ يَدَيْهِ حَذْوَ مَنْكِبَيْهِ إِذَا افْتَتَحَ الصَّلَاةَ وَإِذَا كَبَّرَ لِلرُّكُوعِ وَإِذَا رَفَعَ رَأْسَهُ مِنَ الرُّكُوعِ رَفَعَهُمَا كَذَلِكَ أَيْضًا وَقَالَ سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ.

«Аллаһ Елшісі (с.ғ.с) қашан намаз бастаса екі қолын иық тұсына дейін көтеріп тұрып тәкбір айтатын. Кейін рукуғқа барғанда сондай-ақ, рукуғтан қайтқанда да қолын тап солай көтеретін. Сосын «Самиаллаһу лимән хамидаһ, раббана уа ләкәл хамд» дейтін» – деген.

Шафиғи мен Ханбали осы сахиһ хадисте намазда рукуғқа барғанда және қайтқанда екі

қолды көтеру Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) сүнне-ті екендігі ашық және айқын көрініп тұр дейді.

Екінші дәлел:

Имам Бұхари келтірген риуаятта, Нафиг (р.а) былай дейді:

أَنَّ ابْنَ عُمَرَ □ كَانَ إِذَا رَأَى رَجُلًا لَا يَرْفَعُ يَدَيْهِ إِذَا رَكَعَ
وَ إِذَا رَفَعَ رَمَاهُ بِالْحَصَى.

«Ибн Омар (р.а) рукуғқа барғанда және рукуғтан қайтқанда екі қолын көтермеген адамды көргенде оған тас ататын еді» – деген.

Бұл риуаят та жоғарыдағы мағынаны қуаттайды. Абдуллаһ ибн Омар (р.а) өзі амал етіп қана қоймай, өзгелерді де аталмыш үкімге бойұсындыруға әрекет еткені анық көрініп тұр деседі Шафиғи мен Ханбали.

Ханафи ғұламалары болса: – Расында, сіздер келтірген риуаяттардың бар және күшті екенін біз де жақсы білеміз, бірақ біз осы хадис және риуаяттарға амал қылудан бұрын басқа хадистер мен риуаяттарды да тереңірек зерттеп, басқаша тоқтамға келдік, келіңіздер Абдуллаһ ибн Омар (р.а) туралы жеткен басқа сөздерді де талқылап көрейік дейді.

Имам ат-Тахауи, имам Ибн Әбу Шайба және Имам әл-Байхақилар өз кітаптарында келтірген риуаяттарында Мұжаһид (р.а) былай дейді:

صَلَّيْتُ خَلْفَ ابْنِ عُمَرَ، فَلَمْ يَرْفَعْ يَدَيْهِ إِلَّا فِي التَّكْبِيرَةِ
الْأُولَى مِنَ الصَّلَاةِ.

«Ибн Омардың артында тұрып намаз оқыдым. Ол екі қолын намаздағы бірінші тәкбірден басқа кезде еш көтермейтін» – деген.

Алдыңғы екі риуаят және біз келтірген үшінші риуаятты қосып үйренсек, рукуғқа барғанда және рукуғтан қайтқанда екі қолды көтеру үкімі ауысқаны аян болады. Яғни, аталмыш үкімге уақытында амал қылынып, кейіннен амалдан қалған.

Абдуллаһ ибн Омар (р.а) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) рукуғқа барарда және қайтқанда қол көтергенін көрген және өзі бұл іске амал етіп, басқаларға да амал етуге ұсынған. Кейіннен бұл амал өзгергеннен кейін оған амал етуді тоқтатқан.

Сіздер де, құрметті Шафиғи, Ханбалдықтар және осы мәселеде олармен пікірлес болушылар, біз де¹⁴ бір кездері сахабалар келтірген риуаятқа кейін басқаша қарсы амал

¹⁴ Яғни, ханафилер.

қылынса, біз риуаятын емес амалын қабыл қылуға келіскенбіз. Себебі, сахабалар үкімі жойылған амал болмаса, өздері риуаят еткен үкімге қарсы амал жасамайды. Әсіресе, Абдуллаһ ибн Омар (р.а) әрбір үлкенді-кіші нәрседе Пайғамбарымызға (с.ғ.с) анық еруші жеке сахаба болған. Ол кісі Пайғамбарға (с.ғ.с) ғана қатысты, оны жасау міндетті болып саналмаған істерді де өте таза орындап жүргендігі белгілі және сол сипатымен өте танымал. Міне, сондай адам намазда рукуғқа барғанда және қайтқандағы екі қол көтеру үкімі жойылмаған болса, өзі риуаят еткен хадиске қарсы амал жасап, қол көтеруді тәрк етпес еді.

Үшінші дәлел:

Имам Әбу Дауд, имам Термези, имам Насаи, имам Ибн Мажәһ өз сунандарында, имам Бұхари «Рафғул ядайни фис-солати» деген кітаптарында және имам Тахауи «Мушкилул әсәр» атты кітабында, Али ибн Әбу Талибтен (р.а) келтірген хадисінде:

عَنْ عَلِيِّ بْنِ أَبِي طَالِبٍ □ عَنِ رَسُولِ اللَّهِ □ أَنَّهُ كَانَ إِذَا قَامَ إِلَى
الصَّلَاةِ الْمَكْتُوبَةِ كَبَّرَ وَرَفَعَ يَدَيْهِ حَذْوَ مَنْكِبَيْهِ وَيَصْنَعُ مِثْلَ ذَلِكَ إِذَا قَضَى قِرَاءَتَهُ

وَأَرَادَ أَنْ يَرْكَعَ وَيَصْنَعُهُ إِذَا رَفَعَ مِنَ الرُّكُوعِ وَلَا يَرْفَعُ يَدَيْهِ فِي شَيْءٍ مِنْ صَلَاتِهِ وَهُوَ قَاعِدٌ وَإِذَا قَامَ مِنَ السَّجْدَتَيْنِ رَفَعَ يَدَيْهِ كَذَلِكَ وَكَبَّرَ.

«Аллаһ Елисі (с.ғ.с) қашан парыз намазына тұрса тәкбір айтып, екі қолын иығына дейін көтерер еді. Тап сол істі қырағатты тамам қылып рукуғқа барар алдында да және рукуғтан бас көтергенде де (солай) істер еді. Ол кісі намазда отырған кезінде қолын еш көтермейтін. Қашан екі рет сәжде етіп тұрып жатқанда да екі қолын көтеріп тәкбір айтатын еді» – деген.

Шафиғи мен Ханбали мазһаб ғұламаларының бұл дәлелдеріне жауап мынадай:

Бұл риуаяттың анық бар екендігін жақсы білеміз. Бірақ бұл хадиске керісінше нақ хазреті Алидің (р.а) өзінен келтірілген риуаят бар. Міне сол риуаятты ескере отырып, (соңғы) үкім шығарса абзалырақ болар еді.

Имам Тахауи және Имам ибн Әбу Шәйба, Асим ибн Кулайбтың әкесінен жеткізген риуаятында:

أَنَّ عَلِيًّا □ كَانَ يَرْفَعُ يَدَيْهِ فِي أَوَّلِ تَكْبِيرِهِ مِنَ الصَّلَاةِ ثُمَّ لَا يَرْفَعُ بَعْدُ.

«Али (р.а) екі қолын тек намаздың бірінші тәкбірінде көтерер еді. Одан кейін көтермейтін» – деген.

Имам Әбу Бәкір ибн Әбу Шәйба Әбу Исхақтан келген риуаятта:

كَانَ أَصْحَابُ عَبْدِ اللَّهِ (هُوَ ابْنُ مَسْعُودٍ) وَأَصْحَابُ عَلِيٍّ لَا يَرْفَعُونَ
أَيْدِيَهُمْ إِلَّا فِي افْتِتَاحِ الصَّلَاةِ.

«Абдуллаһ (ибн Масғуд) және Алидің жолдастары екі қолын тек намаздың басында ғана көтерер еді» – деген.

Бұл хадис те бұл іске бұрын амал етіп кейін ол амалдың үкімі жойылғандығын көрсетеді. Әйтпесе, Алидей сахаба еш уақытта Пайғамбардан (с.ғ.с) қылынған риуаятқа қарсы іс қылмас еді. Сондай-ақ, хазіреті Али өзінің шәкірттері болған кішкентай сахабалар мен табиғиндерге рукуғқа барғанда қол көтермеуге үйреткен екен. Бұл да өз-өзінен бола беретін нәрсе емес.

Шафиғи мен Ханбали өздеріне дәлел қылып келтірген жоғарыдағы хадисте айтылған: «Қашан екі рет сәжде етіп, тұрып жатқанда да екі қолын көтеріп тәкбір айтатын еді» – деген сөйлем олардың істеріндегі қайшылыққа үлкен бір дәлел. Себебі олар сәждеден тұрарда қол көтеру керек демейді. Осы жерде өз-өзінен: «Не үшін

аталмыш хадистің бір бөлігіне амал қылып, басқа бөлігіне амал қылмайсыздар?» – деген сауал еріксіз туындайды.

Сәждеден тұрып жатқанда және басқа да жағдайларда екі қолдың көтерілуі жайында басқа хадистерде де айтылып өткен. Міне, осы нәрсенің өзі әуелгіде намаз басындағы тәкбір тахримадан кейін қол көтеру үкімі болып, кейіннен ол үкім басқаша өзгергендігіне дәлел.

Ханафилер өзіне теріс көзқарастағылардың әрбір дәлеліне тап осындай жолмен жауап береді. Біз мысал үшін келтірген дәлелдермен қанағаттанып, енді бұл мәселені ертеректе қалай талқылағаны жайында екі риуаятты алға тартайық.

Имам Тахауи келтірген риуаятта әл-Муғира (р.а) былай деп айтады:

قُلْتُ لِإِبْرَاهِيمَ: حَدِيثُ وَائِلٍ أَنَّهُ رَأَى النَّبِيَّ □ يَرْفَعُ يَدَيْهِ إِذَا افْتَتَحَ الصَّلَاةَ وَإِذَا رَكَعَ وَإِذَا رَفَعَ رَأْسَهُ مِنَ الرُّكُوعِ؟ فَقَالَ: إِنْ كَانَ وَائِلٌ رَأَاهُ مَرَّةً فَقَدْ رَأَاهُ عَبْدُ اللَّهِ خَمْسِينَ مَرَّةً لَا يَفْعَلُ ذَلِكَ.

«Ибраһимге, Уайлдың Пайғамбардың (с.ғ.с) қашан намаз бастаса, рукуғқа барғанда және рукуғтан бастарын көтергенде екі қолын көтергенін көрдім, деген хадиске не айтасыз дедім. Ол кісі: «Егер Уайл ол кісінің солай қылғандарын бір рет көрген болса,

Абдуллаһ олай жасамағанын елу рет көрген» – деді.

Байқалып тұрғандай, рукуғқа бара жатып және рукуғтан бас көтеріп жатып екі қол көтерілді дегендер Уайл ибн Хужрдың (р.а) хадисін дәлел қылған. Ұлы табиғиндерден Ибраһим ән-Нахағи (р.а) бұл сөз айтылғанда, ол кісі Абдуллаһ ибн Масғудтың (р.а) хадисін жауап ретінде келтіріп, қайсы хадис қабыл қылынуға лайығырақ екенін анықтау мақсатында олардың риуаяттарының жағдайын айттып өткен. Уайл ибн Хужр (р.а) иманға келгеннен кейін Пайғамбардың (с.ғ.с) жанында баржоғы бір-ақ апта болып, намаз оқуды үйренгені, сосын еліне қайтып кетіп, кейін Пайғамбарды (с.ғ.с) қайта көрмегендігі анық. Оның үстіне Пайғамбарымыз (с.ғ.с) ол кісіге үйрету үшін арнайы мәміле қылған.

Пайғамбардың (с.ғ.с) рукуғқа барарда және қайтарда екі қолын көтермегендігі жөніндегі риуаят келтірген сахаба Абдуллаһ ибн Масғуд (р.а) болса, ең бірінші иманға келген сахабалардан еді. Пайғамбардан (с.ғ.с) өмірінің соңына дейін ажырамаған ұлы сахабалардың бірі болып табылады. Әрине ол кісі Уайлға (р.а) қарағанда көп нәрсені білетіні сөзсіз.

Екінші мысал: имам әл-Хариси өзінің «Муснәд» атты кітабында Суфиян ибн Уйайнадан (р.ғ) имам Әбу Ханифа мен имам әл-Аузағидың араларында болып өткен мына көріністі келтіреді:

«Әбу Ханифа мен әл-Аузағи Меккедегі бидай қоймасының маңында кездесіп қалады. Сонда әл-Аузағи Әбу Ханифаға:

– Сіздерге не болған, намазда рукуғқа барғанда және бас көтергенде қолдарыңызды көтермейтін болыпсыңдар? – деді. Сонда Әбу Ханифа:

– Себебі бұл жөнінде Пайғамбарымыздан (с.ғ.с) сахих болған нақты дәлел болмады, деп жауап берді.

– Қалай сахих нәрсе болмасын? Маған әз-Зухри Салимнен, ол әкесінен, әкесі Пайғамбарымыздан (с.ғ.с) риуаят етуінше, Аллаһ Елшісі (с.ғ.с) намазды бастаған кезде, рукуғқа кеткенде және одан қайтқанда екі қолдарын көтерген екен! – деді әл-Аузағи. Сонда Әбу Ханифа:

– Бізге Хаммад Ибраһимнен, ол кісі Алқама және әл-Әсуадтан, ал олар Абдуллаһ ибн Масғудтан (р.а) риуаят етуінше:

«Пайғамбарымыз (с.ғ.с) намаздың басында (тәкбір тахримадан) басқа кезде екі қолын көтермейді екен» – деді.

– Мен саған әз-Зухриден, Салимнен риуаят етілген Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадисінен риуаят келтірсем, сіз маған Хаммад пен Ибраһимнен хадисті келтіресіз, а?! – деді әл-Аузағи. Әбу Ханифа оның бұл сөзіне:

– Хаммад әз-Зухриден көрі фикһ мәселесінде жетік. Ал Ибраһим болса Салимнен көрі фикһ мәселесінде жетік еді. Егер ибн Омар сахабалыққа ие болса да фикһ мәселесінде Алқама одан кем емес. Әл-Асуадтың артықшылығы өте көп. Абдуллаһ ибн Масғудтың фикһта және қырағатта артықшылығы көп. Оның сахабалық хақы бар. Кішкентайынан Пайғамбардың (с.ғ.с) жанында болған. Ол Абдуллаһ ибн Омардан абзалырақ, деп жауап берді. Сонда әл-Аузағи үндемей қалды.

Демек Әбу Ханифа да, ол кісінің ізбасарлары да шариғи үкімдерді ауадан емес, Құран мен сүннеттен алған екен. Басқалардан көрі тереңірек іліми ізденісте болғандығын көрсетеді. Тіпті басқа мазһаб мұжтахидтерінің елемеген жерлерін тереңірек қарастырған екен.

Ханафилердің дәлелдері

Ханафи мазһабының ғұламалары аталмыш мәселе бойынша қарсы тараптың дәлелдерін талқылап, оларға жауап беріп қана қой-

май, өз тоқтамын айғақтау үшін құжат-дәлелдерін келтірген. Ендеше назарларыңызға олар келтірген дәлелдерден біразын ұсынамыз.

Бірінші дәлел:

Имам Мүслим Жәбир ибн Самурадан (р.а) риуаят еткен хадисте:

روى الإمام مسلم عن جابر بن سمرة رضي الله عنه : خرج علينا

رسول الله صلى الله عليه و سلم فقال : (ما لي أراكم رافعي أيديكم كأنها

أذنان خيل شمس!؟ اسكنوا في الصلاة.

«Аллаһ Елшісі (с.ғ.с) біз тарапқа келіп: «Мен неге сендердің қолдарыңды асау аттың құйрығына ұқсатып көтеріп жатқандарыңды көріп тұрмын?! Намазда тыныш тұрыңдар!» – деді.

Намаз жаңадан парыз болған кезде дәл қазіргідей толық болмағандығы белгілі. Кей жағдайларда ақырын дауыс шығару немесе кейбір әрекеттер жасалынатын да болған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) мұндай істерді істеген адамдарға жеңіл түрде, жұмсақ тәрбиелеп, қателерін түзетіп отырған. Хадис кітаптарында осы мағынада бірнеше рет риуаяттар да келген. Осы біз қарастырып жатқан рукуғқа барғанда және одан бас көтеріп жатқандағы екі қолды көтеру мәселесі де әуелде бар болып, кейін мансұһ (яғни үкімі жойылған) болғандығын

міне, осы хадистен аңғарамыз. Бұл үкімнің мансұһ болғанынан, амал етуден қалғанынан бейхабар кейбір сахабалардың рукуғқа барғанда және қайтқанда әуелдегідей қолдарын көтеріп намаз оқығандарын Пайғамбар (с.ғ.с) көріп жүрген. Кейін сыртқа шығып, оларға осы хадисте келтірілген сөздерді айтқан.

Екінші дәлел:

Имам Термези Алқамадан (р.а) қылған риуаятында:

روى الترمذي عن علقمة رضي الله عنه : ألا أصلي بكم صلاة

رسول الله صلى الله عليه وسلم؟ فصلی , فلم يرفع يديه إلا في مرة الأولى.

«Абдуллаһ ибн Масғұд: – Мен сендерге Аллаһ Елшісі (с.ғ.с) оқығандай оқып берейін бе?!» – деді де, намаз оқып, бірінші қол көтеруден кейін қолын көтермеді деген.

Өздігінен белгілі, бұл сияқты кісілердің ескертіп айтқан сөздері, жасаған амалдары барынша шынайы да анық боп келеді. Абдуллаһ ибн Масғұдтың (р.а) кім екендігі баршамызға белгілі. Ол кісі пайғамбарлық дәуірінде әрқашан Пайғамбармен (с.ғ.с) бірге жүрген, үлкен ілім иесі және көптеген хадисті риуаят еткен сахабалардың бірі.

Дәл осы мағынадағы хадисті Имам Насаи де риуаят қылған.

Үшінші дәлел:

Имам Тахауи әл-Әсуадтан (p.a) қылған риуаятта:

روى الطحاوي عن الأسود رضي الله عنه أنه قال : رأيت عمر بن

الخطاب يرفع يديه في التكبيرة الأولى ثم لا يعود.

*«Омар ибн Хаттабтың бірінші тәк-
бірде екі қолын көтеріп, кейін көтермегенін
көрдім»* – делінген.

Төртінші дәлел:

Имам Ибн Әбу Шәйба әл-Әсуадтан (p.a) келтірген риуаятта:

روى ابن أبي شيبة عن الأسود رضي الله عنه أنه قال : صليت مع

عمر بن الخطاب فلم يرفع يديه في الصلاة إلا عند تكبيرة الإحرام. و كذلك ما

رأيت الشعبي و إبراهيم و أبو إسحاق يرفعون أيديهم إلا عند تكبيرة الأولى.

*«Омар ибн Хаттабқа ұйып намаз
оқыдым. Ол өз намазында ифтитах тәкбірінен
(алғашқы тәкбірден) басқа еш жерде қол
көтермеді... Әш-Шағби, Ибраһим жәннен Әбу
Исхақтардың да намазда алғашқы тәкбірден
басқа жерде қол көтергендерін көрмедім,»* –
делінген.

Бесінші дәлел:

Имам әл-Бәйһақи, Ибн Масғұдтан (р.а)
қылған риуаятта:

روى الإمام البيهقي عن ابن مسعود رضي الله عنه : صليت مع النبي صلى الله عليه وسلم و أبي بكر و عمر رضي الله عنهما فلم يرفعوا أيديهم إلا عند التكبير الأولى في إفتتاح الصلاة.

«Пайғамбар (с.ғ.с), Әбу Бәкір және Омардың арқасында тұрып намаз оқыдым. Олар намаз басындағы қол көтеруден басқа кезде екі қолын көтермейтін» – деген.

Алтыншы дәлел:

Имам Тахауи Әбу Бәкір ибн Айаштан
(р.а) риуаят етеді:

روى الإمام الطحاوي عن أبي بكر بن عياش أنه قال : لم أر فقيها قط يرفع يديه بعد تكبير الأولى.

«Ешбір фақиһтің ешқашан да бірінші тәкбірден соң қол көтергенін көрмедім» – деген.

Жетінші дәлел:

Намаз баршаның көз алдында, әр күні бес рет өтелетін, маңызды және үлкен ғибадат. Әсіресе Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) әрбір намазына көпшілік ерекше мән беріп, жылдар өтуімен дұрыс қалпында бізге жеткен. Міне, осы айтылған дәлелдерге байланысты, рукуғқа

барғанда қол көтеріледі ме, жоқ па?» – деген мәселеде әртүрлі сөздердің айтылуының өзі фитнаға, күмәнға жол ашып береді. Бұл болса Ханафилердің істері дұрыс екендігін көрсетеді.

Сегізінші дәлел:

Ханафилер рукуғқа барғанда және қайтып жатқанда қол көтеру жайлы риуаяттың көптігін, сахих екендігін, кейбір деректерге карағанда сахабалардың елу шақтысы риуаят қылғанын жақсы біледі. Бірақ солай болса да хадистердің үкімі жойылуы мүмкін екендігін ескеріп, әрі зерттеп анықтайды. Ал енді, үкімі жойылғаннан кейін хадистің сахихтығы мен риуаятшылардың көптігі белгілі бір мәселе жөнінде үкім ете алмайтындығы баршамызға аян. Хадис қаншалықты күшті болса да аяттың күшіне жете алмайды. Солай бола тұра Құран Кәрімнің кей аяттарының да үкімдері жойылғандығы баршаға белгілі және анық.

Тоғызыншы дәлел:

Осы айтылып жатқан қол көтеру жайлы мәселеде бір айқын дәлел келтіру үшін Ханафи мазһабының ғұламалары уақытша үкімі жойылған мәселе жөнінде ойланбай тұра тұрсын делік, яғни хадистің үкімі жойылмады делік. Ондай кезде жалпы ережеге байланысты,

хадисте бір үкімге байланысты қарама-қайшылықтар туындап жатса, сахабалардың қалай амал еткені қарастырылады. Егер сахабалардың амалдарында да қарама-қайшылықтар туындаса қиясқа жүгінеді. Осы мәселеде қиясқа сүйенетін болсақ, негізінде намазда тыныштық, артық әрекет қылынбауға үкімделеді. Намаздың ішінде қол көтеру артық әрекеттен болып саналады. Тәкбир тахримадағы қол көтеру намаз ішіндегі емес, намаз басындағы қол көтеруге жатады.

Осы жерге келгенде құрметті оқушылар, сіздерден дәлел келтіре беруді тоқтатуға рұқсат сұраймыз. Егер қалған дәлелдерді де келтірер болсақ, әңгіме созылып кетеді. Өзі соншалықты сөзбұйдаға салынып созылып кеткен бұл мәселені соза берместен қорытындыға көшкеніміз жөн болар.

Қорытынды

Көріп тұрғанымыздай барлық фикһи мәселелерде, «әмин» мәселесі және руқуғта қол көтеру мәселесінде Ханафи мазһабындағылар сүннетке амал етпейді деген сөз тіпті жалған болып шықты. Керісінше, Ханафилер

хадиске өзгелерден көрі тереңірек барғанын және анығырақ зерттегенін өзіміз ілім ала отырып, кеңінен үйреніп шықтық. Сонымен бірге Ханафи мазхабы өзге мазхаб ұстанушылары секілді оларға құрмет көрсетіп келген.

Қазіргі таңда да Шафиғи және Ханбалилер қол көтеріп, Ханафи мен Мәликилер қол көтермей тыныш қана намаздарын оқып келген еді. Ішімізден бірнеше аяттарды жаттап алған, үш-төрт хадистің аудармасын үйреніп алғандар шығып, мазхаб басы мұжтахид ғалымдарымызға тас ата бастады. Мұсылмандар жалпылай өз ғибадаттарын өтеуде Құран мен сүннетке амал қылмайды деп айыпталды. Дінді енді түсініп келе жатқан қарапайым адамдардың ортасына ғұламалардың ортасында қалуы керек болған мәселені алып шығып, түрлі талас-тартыстарға жол ашылды. Соңы мұсылмандар арасында қарама-қайшы пікірлер мен түсініспестік орын алды. Сондай-ақ, мұсылмандардың бірін бірі айыптауы секілді келеңсіз жәйттер туындады.

Құрметті мұсылман бауырлар! Біз жоғарыда қазіргі кезде талас-тартыс тудырып жүрген екі мәселені ғана қарастырып шықтық. Негізінде мұндай мәселелер бірнешеуге шықты. Қазір жаңалары да пайда болуда. Бұл жағдай ушыға берсе одан да әрі өкінішке әкеп соғуы мүмкін. Себебі, бұл – мазхаб аралық

талас-тартысқа алып келеді. Құран және сүннетке амал қыламыз деп желеулеткен дүмше уағызшылар Ханафи мазһабын мойындамай, басқа мазһабқа еріп кетуде. Олар кей мәселелерді тек осы мазһабта дұрыс айтылған, одан басқасы әлсіз деп ойлайды. Сондықтан да мұсылмандар ортасын бидғаттықпен Құран және сүннетке амал етпейтіндер деп және басқа да мәселелерде айыптауда. Бұл ойымыздың растығын дәлелдеу үшін бір ғана мысал келтірейік.

Дәретте мойынға мәсіх тарту

Бірде бір танысымнан қарапайым мұсылмандар дінімізді қалай үйреніп жатқандығын сұрадым. Ол кісі бұл сұрағыма:

– Барлық істер жақсы жүріп жатыр еді, талас-тартыстар шыққаннан соң не істерін білмей қалды, деді.

– Халықты әуре-сарсаңға салып қойған мәселелерден кейін шыққан тағы қандай мәселе? – деп сұрадым анық-қанығын білу үшін.

– Мысалы үшін, қазірге дейін барлығы дәрет алуда мойынға мәсіх тартуды мұстахаб деп келген, оқыған кітаптарымда да солай деп

жазылған-тын. Бірақ жаңадан шыққандар мұны бидағат деуде. Мұнан соң жұрт не істерін білмей жүр. Бұл жайлы сұрауға адам табудың өзі қиын, деді танысым.

– Мұндай кезде дереу ақиқатқа көз жеткізу үшін дәлел сұрау қажет. Мойынға мәсіх тарту не үшін бидағат екендігін сұрамадыңыз ба? – дегенімде:

– Мойынға мәсіх тарту Құранда да, хадисте де жоқ, ал Құран мен хадисте жоқ нәрсені жасау бидағат саналады-мыс...

Сырттай қарағанда елеусіз ғана болып көрінетін осы нәрседен, қарапайым мұсылмандар арасында түсінбеушілік пен бас қатыру орын алғаны тектен тек емес. Өйткені, мойынға мәсіх тарту бидағат дейтін топтың сөзі мұнымен шектеліп қалмайды. Мойынға мәсіх тарту бидағат, ал әрбір бидағат адасу, ал адасушылық тозаққа апарады деуі мүмкін. Егер сондай әңгіме шығатын болса, мойынына мәсіх тартып жүрген «бейшаралардың», олардың ата-бабаларының Ақыреттегі халі не болмақ?

Егер бидағат жайында жоғарыда келтірген бұл сөз, қандай да бір хадис-шарифпен байланысқанда, бізге соған сай амал ету қажет болып, бидағат санар едік. Алайда, біз бұл сөзге мүлдем қосыла алмаймыз. Өйткені, бұл әңгіме мұсылмандардың барлығы хақ деп тән алған

төрт фикһи мазһабтың ең үлкені болған Ханафи мазһабының мұжтаһид ғұламалары он үш ғасырдан бері мұстаһаб деп келе жатқан амалды бидғат деп бұрмалаулары жайлы болып тұр.

Қадірменді оқушылар! Келіңіздер, бірге отырып Ханафи ғұламалары не үшін дәретте мойынға мәсіх тарту мұстаһаб деп санағанын бағамдап көрелік. Әйтеуір олар он үш ғасыр бойы мұсылмандарды бидғат іске баулып келмеген болар?

Мұндай сұрағымызға жауап төмендегінше болады:

Адамдарды бидағатқа, шарифатымызда жоқ нәрсеге шақырудан Аллаһ сақтасын. Біз ешқашан ешкімді бидағат іске шақырған жоқпыз. Біз шарғи негізге сүйенбей тұрып, бір мәселе жөнінде ауыз ашпаймыз. Ал, мойынға мәсіх тартуға мынандай дәлелдеріміз бар:

Бірінші дәлел:

Имам Ахмад ибн Ханбал Ләйстен, ол Талха ибн Мұсаррифтен, ол кісі әкесінен, әкесі атасынан келтірген риуаятта:

روى أحمد بن حنبل عن ليث عن طلحة بن مصرف عن أبيه عن

جده : أنه رأى رسول الله صلى الله عليه و سلم يمسح رأسه حتى بلغ القذال و

ما يليه من مقدم العنق.

«Расында, ол Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) мойынының арт жағынан алдыңғы жағына қарай мәсіх тартқандығын көрген» – делінген.

Екінші дәлел:

Әбу Хасан ибн Фарис, Ибн Омардан (р.а) риуаят қылынған хадисте, Пайғамбарымыз (с.ғ.с):

روى أبو حسن بن فارس عن ابن عمر رضي الله عنه قال رسول الله

صلى الله عليه وسلم : من توضأ و مسح عنقه لم يغل بالأغلال يوم القيامة.

«Кім дәрет алып, мойынына екі қолымен мәсіх тартса, Қиямет күні оттан сақталады» – деген.

Үшінші дәлел:

Имам әл-Баззар, Уайл ибн Хужрден (р.а) риуаят еткен хадисте:

روى الإمام البزار عن وائل بن حجر رضي الله عنه في صفة وضوء

النبي صلى الله عليه وسلم : ... مسح رأسه ثلاثا و أذنيه ثلاثا و مؤخر عنقه.

«...Кейін басына 3 рет, құлағының сыртына 3 рет және мойнының сыртына мәсіх тартты» – делінген.

Тап осы мағынада басқа да хадистер жеткілікті, барлығы бір-бірін қуаттап тұрады. Бұдан артық тағы не керек? Өз ісін немесе өз

сөздерін дәлелдеу үшін басқалар білмеген хадисті тауып, амал қылғандар бидағатшы деп айыптала бере ме? Басқалар хадисті таппаған болса, Ханафиларға тағылатын не кінә бар?

Біз жоғарыда қазіргі таңда талас-тартыстарға себеп болып жатқан үш нәрсеге ғана тоқталып талқылап өттік. Басқа да мәселелерді тап осы секілді талқылап беру өте оңай. Біздің ниетіміз таласып-тартысу емес, талас-тартыстарға шек қою үшін ғана сөзімізді ары қарай жалғастыруды жөн көрмей отырмыз. Мақсатымыз ескі жараны тағы да қозғамай, тәжірибеден өткен сенімді жолды бекем ұстауға шақырамыз. Міне сонда талас-тартыстар тоқтайды деп үміт ете аламыз, иншаАллаһ.

Талас-тартыстарды болдырмау мақсатында, фикһи мазһабтардың Құран және сүннет аясында қылған ижтихадтарын қайта қозғап, көрейікші қане, кімнің дәлелі күшті екен, деп қарастырудан дініміз қайтарған. Тіпті, кейбір кісілер ілімді болып, мазһабтардың дәлелдерінің қайсысы қайсысына қарағанда күштірек екенін ажырата алатын жағдайға жетсе де өзі үшін пәтуа шығарса жарайды, бірақ ортаға салып басқалардың басын қатыруға болмайды делінген.

Сол үшін де әдетте, әрдайым айтылған ережелерді бұзып, талас-тартыс тудырған жақ

құрдымға ұшырайды. Осы ізденісімізде бөлінбеуге шақырсақ та, сөзіміз бір жақтылыққа ұқсап қалуы да міне, осы қағидаға байланысты туындайды.

Барлық бәле білімсіздігімізден. Өте аз нәрсе білеміз, сөйте тұра көп нәрсеге шақырамыз. Білген аз нәрсемізге қатып қалып, білім дегеніміз — осы, бұдан өзге нәрсе жоқ деп ойлаймыз. Білмейтін өте көп нәрсемізге бүтіндей қарсы келеміз. Нәтижеде басымызға қазір түсіп отырған жағдайға тап боламыз.

Аталмыш ісімізді қазіргі ғұламаларымыз «бір кітапша және ұнтаспа мәдениеті» деп атауда. Анығында, қолымызға түскен бір кітапты оқимыз да, барлық дүниенің ілімі осы кітапта қарастырылған, бұдан артық кітап жоқ деген мағынада амал жасаймыз. Ұнтаспаға жазылған үш-төрт насихатты естіп алып, дүниедегі мұсылмандардың төрттен үш бөлігін кәпір не мүшрікке теңеп, пәтуә шығарып тастаймыз. Астағфируллаһ!

Қазіргі таңда бүтін Ислам үмметі мың үш жүз жылдан бері тән алып, ардақтап, құрметпен қарап келе жатқан төрт фикһи мазһабты тән алмай, олар жайында лайықсыз сөздер айтып, өзін мұжтахид санап жүргендер — міне, сол «бір кітапша және ұнтаспа мәдениетіне» лайық кісілерден.

Біз қазір оларға фикһи мазһабтар хақ екендігі жайында ғылыми ізденіс ұсыну ниетінде емеспіз. Өйткені, ол бауырларымыз мұндай ғылыми ізденіске көңіл бөлуге дайын болғандарында қазіргі қолайсыз жағдай туындамас еді. Ол бауырларымыз фикһи мазһабтарды мойындамас бұрын, сәлаф ғұламаларымыздың ғылыми еңбектерімен танысып шыққан болар еді. Аталмыш бауырларымыз фикһи мазһабтарды мойындамастай қатерлі істі өзгелерге де үйретуде. Олар әсіресе, шетелдерден келген, өздерін алақандай аттармен атайтын, кей кісілердің етегіне ілескендер. Олар басқа жақтың сөздеріне көңіл бөлмейді. Сол үшін бұл бауырларымыз тән алып, сөздерін жоғары бағалап, дәлел қылып жүрген ғұламалардың мазһаб жайлы дәлелдері мен пәтуаларынан мысалдар келтіруді дұрыс көрдік.

**Фикһи мазһабтардың хақтығы
жайлы заманауи
дәлелдер мен пәтуалар**

Маккаи Мукаррамада орналасқан, әлемдегі ең әйгілі мұсылман орталығы боп табылған Рабитаи Алами әл-Ислами қарамағындағы Ислам Фикһи Академиясының шешімдерін өздеріңізге ұсынудан бұрын Рабитаның мәжі-

лісіне де, Фикһи Академиясына да Саудияның бас мүфтиі шейх Абдулазиз Ибн Баз басшылық еткен және ол кісінің бірқатар әріптестері мүше болғанын білдіріп өтпекшіміз. Себебі мазһабты мойындамайтындардың көпшілігі осы кісілерге еретіндіктерін айтады. Біз осы дәлелдерді келтіріп өткеннен кейін олар насихаттап жүрген мазһаб мойындамайтындықтары қаншалықты дұрыс, бұрыс екендігі аян болады деген үміттеміз.

Тоғызыншы шешім:

Ислам Фикһи Академиясының һижри 1408 жылы болып өткен оныншы жылдық жиналыста қабылданған мазһабтар арасындағы фикһи талас-тартыстар және мазһабқа қатып қалу жайында.

Аллаһтың жалғыз Өзіне мадақтар болсын. Өзінен кейін ешбір пайғамбар болмаған, мырзамыз және пайғамбарымыз Мұхаммедке салауаттар болсын.

Амма бағд:

Рабитаи Алами әл-Ислами жанындағы Ислам Фиқһи Академиясының кеңесі өзінің қасиетті Меккеде, 1408 һижри жылының 24 Сапар, (1987 жыл 17 Қазан) сенбі күнінен 1408 һижри жылының 28 Сапар, (1987 жылдың 21 қазан айы) сәрсенбі күніне дейін болып өткен оныншы жылдық жиналысында мазһабтар арасындағы фиқһи қарама-қайшылықтар және кейбір мазһабтардың ерушілері жағынан туындаған шектен шығушылық, тіпті басқа мазһабтарға әрі олардың ғұламаларына тіл тигізуге дейін барған сұрықсыз, қатып қалу мәселесі қарастырылды. Жиналыста қазіргі кездегі жастардың ойлары мен көкейлеріне қондырылып жатқан қарама-қайшылықтар төңірегіндегі мәмілелер жайлы мәселе талқыланды. Көбіне сол жастар бұл мәміленің мағынасын да, негізін де білмейді. Нәтижеде кейбір адастырушылар, Ислам шариғаты біреу болса, оның негізі Құран Кәрім мен Пайғамбарымыздың сүннетімен бекем болған болса, не үшін мазһабтар қарама-қайшылық тудырады, не үшін олар бірікпейді, мұсылмандар неге бір мазһабты және бірдей шариғи жолды ұстанбайды, деп көпшілікті жолдан адастыруға әрекет етеді. Сондай-ақ, жиналыста бір нәрсеге қатып қалу және одан шығатын мәмілелерді, әсіресе бүгінгі күнде

пайда болған жаңа ижтихадты жолды ұстануға шақырып жүрген, Ислам үмметі ерте ғасырлардан бері ұстанып келе жатқан ислами мазһабтарға және олардың ғұламаларына тіл тигізіп жатқан, кісілер арасында фитна (бүлік) салып жүрген қатерлі жаңа өрістер жайында да қаралды.

Мәжіліс аталмыш мәселені, оның себептерін және одан туындайтын бүліктерді жан-жақты қарастырып, екі жаққа — адастырушы және қатып қалушыларға төмендегі баяндаманы ескерту ретінде жолдауға шешім қабылдады.

Бірінші: мазһабтар қарама-қайшылығы жайында:

Мұсылман елдеріндегі фикһи мазһабтар арасында кездесетін қарама-қайшылықтар екі түрлі:

1. Ақида жайындағы талас-тартыстар.

2. Фикһтағы кейбір мәселелерге қатысты талас-тартыстар.

Бірінші: Сенімге қатысты қарама-қайшылықтар:

Бұл іс бұрындары Ислам жұртына бәле-апаттар алып келген, мұсылмандардың қатарын бұзған және бөлінуге әкеп соқтырған ең үлкен қайғы. Бұл өте қатты өкінішке

ұрындыратын және мұндай болмауы уәжіп болған іс. Ислам үмметі Аллаһ Елиісінің (с.ғ.с) дәуіріндегі және әділетті халифалар кезеңіндегі тура және таза Ислам діні болған «Аһли сүннә уәл жәмағә» мазһабында бекем болуы шарт. Бұл жайлы Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Сендерге менің сүннетімді және әділетті халифалардың сүннетін ұстану керек. Ендеше, оны мықтап ұстандар» деп бұйырған.

Екіншісі: *Фиқһи мазһабтардың кейбір мәселелеріне қатысты қарама-қайшылықтар:*

Жағдайдың бұлай қалыптасуының өзіндік ғылыми себептері бар. Бұл нәрсede Аллаһ Тағаланың үлкен хикметі, пенделеріне деген мейірімі және шарғи дәлелдерден үкім шығаруға кең мүмкіншілік бар екенін түсінуге болады. Сондай-ақ, бұл нәрсе бір нығмет және фиқһи-заңды байлық болып, Ислам үмметін діни және шарғи істерде кеңшілікке жеткізеді. Сонда ғана шаригат бір жақты ғана болып, басқа мазһабқа өтуге болмайтындай бекітіліп, құрсауланып қалмайды. Қайта керісінше үмметке кей уақыттарда және кей істерде фақих имамдардың мазһабында таршылық болып жатса, басқа мазһабта кеңшілік, ыңғайлылық және жеңілдік табылады. Атал-мыш нәрсе гибадатқа, қарым-қатынасқа (сау-да секілді)

немесе отбасы, не болмаса қылмыс-тық істерге, сондай-ақ өмірдің басқа да жәйттеріне байланысты болуы мүмкін.

Мазһабтардың осы екінші түрлі қарама-қайшылықтары – фиқһи таласып-тартысу болып саналады. Бұл дініміздің кемшілігі де, қарама-қайшылығы да емес. Мұндай қарама-қайшылықтың болмауы мүмкін емес. Өзінің толық фиқһи, ижтихадты тырысушылық және заңды жүйеге ие болған әрбір мазһабтың фиқһи ижтихадында (тырысуларында) қарама-қайшылықтың болмауы мүмкін емес.

Егер біз өткен тарихымызға үңілер бол-сақ, мұндай қарама-қайшылықтардың туындауы заңдылық екенін түсінетін боларсыз. Себебі қолданыстағы негізгі дәлелдер көбіне бірнеше мағынаны қамтиды. Сондай-ақ, дәлел болуы мүмкін барлық жағдайларды¹⁵ толық қамти алмайды. Кейбір ғұламаларымыз айтқандай, «дәлелдер шектелген, ал жағдайлар болса шек-теусіз». Олай болатын болса, қиясқа жүгіну және үкімдердің әлсіздігіне, шарияттың жал-пы мақсатына назар салу және де оқиғалар мен жаңа пайда болған мәселелерде оның үкі-мін жария қылу ләзім болады.

¹⁵ Яғни, сүннеттегі жағдайларды.

Мұндай жағдайда ғұламалардың түсінігі және бірнеше мүмкіншіліктен бірін жоғары қоюлары, сондай-ақ соған байланысты бір мәселе бойынша шығаратын үкімдер әртүрлі болуы заңдылық. Олардың әрқайсысы ақиқатты мақсат тұтады және оны іздейді.

Егер ғұламалардан қайсысы тура үкім берсе екі сауап, қате үкім берсе бір сауап алады. Міне, нақ осы жерде (шешім шығаруда) кеңшіліктің пайда болуын, ал шектеудің жоғалатынын көреміз.

Ендеше мазһабтағы қарама қайшылықта тұрған не кемшілік бар?

Әуелде айтқанымыздай мұнда тек қана жақсылық пен Аллаһтың рахметінен басқа нәрсе жоқ. Бұл нәрсе Аллаһтың мүмін құлдарына деген нығметі мен мейірімі. Сонымен бірге бұл нәрсе қуанышқа кенелтетін үлкен байлық және Ислам үмметі мақтануына тұратын мәртебе. Бірақ кейбір мұсылман жастарымыздың, әсіресе шет елдерде оқып жүргендердің Ислам мәдениетінен білімі әлсіздігін көздеуші кейбір шетелдік уағызшылар мазһабтардағы фикһ мәселелеріне қатысты қарама-қайшылықтармен бірдей етіп көрсетуге тырысуда. Олар аталмыш екі түрлі қарама-қайшылықтың ара-жігін ажыратып алмай,

шаригатымызда қарама-қайшылық бар деуде. Негізінде олай емес.

Екіншіден: Мазһабты ұстанбауға шақырып жүрген, адамдарды жаңа пайда болған ижтиһад жолына мәжбүрлеуші және фикһи мазһабтар мен олардың имамдарын мойындамайтындарға келетін болсақ, біз оларға мынаны мәлімдейміз: мазаларыңды қашырып жүрген мазһабтар мен олардың имамдарының артықшылығы сонда, ол мұсылмандарды адасуға апаратын, олардың арасында талас-тартыс тудыратын лас нәрселерден қайтару-дан көрініс табады.

Қазіргі таңда біз таласып тартысуға мұқтаж емеспіз, керісінше Ислам дұшпандарының қатерлі істерін ескеріп, сақтанып жүруге және оларға қарсы бірігуге мұқтажбыз.

Аса Жоғары Аллаһ Тағалаға көп мақтау-мадақтар болсын! Пайғамбарымыз Мұхаммедке, оның отбасы мүшелері мен сахабаларына салауаттар мен есендік болсын!

Әрине, әлемдегі ең беделді ислами ұйым – Ислам Фикһи Академиясының осы мәлімдемесінен кейін мазһабтардың заңдылығына қатысты, оларға құрметпен қараудың қажеттілігіне байланысты әрбір шынайы мұсылманның көкейінде ешқандай күдік қалмауы

тиіс. Әңгімемізді осымен тәмамдасақ та болар еді. Алайда, мазһабтардан теріс айналып, ұлы имамдарға тас атушылар: «Бұл құжат осыдан он жыл бұрын жазылған. Оның үстіне бұл құжатқа шейх Ибн Баз және оның ізбасарларымен бірге мазһабтарды жан-тәнімен қолдаушы бір қатар фанаттар қол қойған. Демек, бұл құжаттың күші жоқ», – деп шығуы мүмкін. Бұл жағдай біздің қорытынды сөзімізді тағы да біраз жалғай түсуге мәжбүрлейді.

Сенімдірек болу үшін енді Шейх Ибн Баз бен оның қол астындағылардың 1997 жылдың соңында мазһабтар жайлы не пәтуалар бергендігіне назар салайық:

3897 санды пәтуә

Алтыншы сұрақ:

Төрт имам арасындағы қарама-қайшылықтардың үкімі не?

Мақтаулар Аллаһқа ғана тән! Және Өзінен кейін ешбір Пайғамбар болмаған Аллаһ Елшісіне салауаттар мен есендік болсын.

Алтыншы сұрақтың жауабы:

Төрт имам арасындағы қарама-қайшылықтар олардың білімі мен таным-түсініктеріне байланысты, егер олар дұрыс үкім берсе екі сауап, қате үкім берсе бір сауап. Әл-Ауғазиді, Суфианды ас-Сауриді, Исаханды ибн Рахуай және басқа мұсылман ғұламалары да осыған ұқсас.

Туралық Аллаһтан, Аллаһ Елшісіне оның отбасына және сахабаларына салауаттар мен есендігі болсын.

4272 санды пәтуә

Төртінші сұрақ:

Әрбір мазһаб имамының өзінен басқа мазһабқа қарама қайшы келіп қалатынын білеміз. Олардың арасындағы қайшылықтар көбінесе кейбір кісілердің намазын тастап кетулеріне апарып соқтыруда. Осы мәселеге байланысты нақты да тұжырымды жауап күтеміз. Мазһабтардың біріне ергеніміз жөн бе? Істегеніміздің дұрыс болуы үшін мазһабтарды қалай келістіруге болады?

Төртінші сұраққа жауап:

Төрт мазһабтың имамдары арасындағы кей мәселелерде қарама-қайшылықтың болуы олардың кейбіреулеріне сахих хадистер жетпей қалуынан. Мұсылман

адамға олар жайлы жақсы ойда болуы уәжін. Өйткені, олардың әрбірі мүждаһид дәрежесіне жеткен. Олардың әрбірі қандай үкім берсе де, тура болса екі сауап, ал қате болса бір сауап.

Ғылыми пәтуә берушілер:

- **Әбдулазиз ибн Абдуллаһ ибн Баз**
- **Әбдураззақ Әфифи**
- **Абдуллаһ ибн Ғадаян**
- **Абдуллаһ ибн Қағуд**

(Пәтуалар «Мәжаллату әл Буһус әл Исламия»)

Ғалымдардың айтуынша қазіргі таңда мүждаһид дәрежесіне жеткен ғұлама жоқ.

Ендеше мұндай барлық дәлелдерді келтіргеннен соң сұрақ туылады. Қазіргі таңда мазһаб ұстанбаушылар кімге ілесуде? Не мақсатта іс жүргізіп жатыр? Мазһаб ғұламаларына тіл тигізуге қандай хақылары бар? Егер олар Шейх Ибн Баз бен оның ізбасарларына ілесетін болса неге оның жоғарыдағы сөзіне амал етпейді?

Тарихтан сабақ алайық

Құрметті де ізетті діндар бауырлар, сіз бен біз мұсылмандар діни тарихтарды жақсылап үйренуіміз керек. Және мұндай сабақтарды үйретуіміз керек. Мұсылман адам бір рет істеген қатесін екінші рет қайталамайды. Міне, сол қайталанбауы шарт болған істердің ең біріншісі — таласып тартысу. Тарихқа көңіл бөлсек, мұндай таласып тартысулар мұсылмандарды қасіреттерге жолықтырған.

Таласып тартысу істерін тарихтан жақсы білген адам бұл істерге қатты қайғырар еді. Тарихқа көңіл бөлсеңіз таласып тартысуларды тоқтату жолы тек қана мазһабқа ілесумен болады. Ол кездегі адамдар бір ойлы болмаса да, өздері үшін төрт мазһабты шарт деп білген. Осылайша мазһаб жайлы таласып тартысуды өздеріне харам деп санаған.

Адамдардың фикһтен алыстауы

Заман өте келе жақсы ниетпен істелген іс жамандалды. Және мазһабтарды құрметтеудің орнына қарсылық көрсетілді. Нәтижеде фикһи мазһабтар арасында әр түрлі таластартыстар мен келіспеушіліктер және елеңсіз оқиғалар пайда болды. Бұл оқиғалар кішкене

болса да қазіргі таңда мазһаб иелері үшін ең бірінші орындағы талас-тартыстарға айналды.

Бірақ бұл талас-тартыстар аз болғандай тіпті кейбір ғұламаларымызға да тіл тигізілді. Осылайша заман өте келе мұсылмандар үшін істелетін қажетті істер талас-тартыстар себепті тоқтап қалды. Кейін фикһи кітаптарды жылдап діни сабақ алып жүргендер де түсіне алмай қалды. Олар фикһи кітаптардағы сөздерді жаңа сөздерге ауыстыруға қорқатын. Осының нәтижесінде фикһтен алыстау пайда болды. Ендеше, неге біз сол фикһи кітаптарды тек ескі түрде оқуымыз керек, неге ондағы ескі пәтуаларды қазіргі заманға сай етіп салыстырып жаңартпаймыз?

Ғұламаларымызды құрметтейік, олар соншалықты әрекет етіп дайындап берген кітаптарын ескі деп шетке ысырып қоймайық.

Не істеу керек?

Осы және бұл жерде айтылмаған фикһи білімді үйрену өткен ұлы ғұламаларымыздан бізге қалдырылған өте үлкен мұра. Бұларды пайдаланып заманға сай түрде мұсылмандарға жеткізу өте үлкен қажетті істерден. Осыдан

кейін талас-тартыс мәселелері болмайды деген үміттеміз.

Сөздің қысқасы мұсылмандардың өздері діни сауаттарын арттыруы шарт. Ал ғылым иелері болса білімдерін арттырып, адамдарды талас-тартыстардан қайтаруы шарт. Егер сол білімділер бір мәселе жайлы түсінбеушілік туындап қалса, оны халыққа жарияламай бірінші өз араларында шешіп алуы керек. Сөздің қысқасы, біз өзіміз бірігіп талас-тартыстарға қарсы күресуіміз керек. Осылайша талас-тартыс мәселелерін жауып тастауымыз қажет.

Әрбір мұсылман адам Аллаһ Тағаланың:

«Расында мұсылмандар бір біріне бауыр, ендеше екі бауырдың арасын жарастырыңдар» деген аятына амал етуі керек.

Мұсылмандар күн өткен сайын бір-бірін жек көру емес, қатты жақсы көруге ұмытылуы керек. Осылайша екі мұсылман ортасын татуластыруы керек.

Құрметті де ізетті бауырлар, Аллаһ Тағала:

«Өзара таласып-тартыспаңдар, онда үрейленесіңдер де құттарың қашады» – деді. Расында, Аллаһ Тағала ақиқатты айтады. Егер мұсылмандар таласып-тартыса берсе, күш-

қуаттары кетіп жеңіліс табады. Бұлай болмауы үшін таласып-тартыспау керек.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Таласып-тартыспаңдар, кейін жүректерің қайшыласуға бейім болып қалмасын» – деген.

Бір-бірімізбен таласып-тартысып, күш-қуатымызды, білімімізді бекер кетіргеннен гөрі оны дініміздің өркендеуіне сарып қылайық!.

Аллаһ бізбен бірге, Аллаһ мұсылмандармен бірге. Соңғы сөзімізді әлемдердің Раббысы Аллаһ Тағалаға мақтаулар болсын! – деп тәмамдаймыз.

Мазмұны

Алғы сөз.....	3
Кіріспе.....	6
Өткенге бір көз салсақ.....	10
Қазіргі талас-тартыстар қашан және калай пайда болды?.....	13
Қарама-қайшылықтардың етек ала бастауы...	15
Қарама-қайшылық пен бөлінудің түрлері.....	20
Мұсылмандардың көп талас-тартыстары Бірінші түрге жатады.....	24
Талас-тартыстар жайлы кейбір аяттар.....	30
Таласып-тартысу жайлы кейбір хадистер.....	40
«Әминді» намазда іштей айту абзал ма, әлде дауыстап айту абзал ма?.....	44
«Әминді» дауыстап айтуға келіскендердің дәлелдері.....	46
«Әминді» іштей айту абзал дейтіндердің дәлелдері.....	53
Рүкуғқа бара жатқанда және қиямға көтеріліп жатқанда екі қолды көтеру мәселесі.....	58
Рүкуғқа барғанда және қайтып жатқанда екі қолды көтеру керек дейтіндердің дәлелдері мен олардың талқылаулары.....	60
Ханафилердің дәлелдері.....	70
Қорытынды.....	76
Дәретте мойынға мәсіх тарту.....	78

Фикһи мазһабтардың хақтығы жайлы	
Заманауи дәлелдер мен пәтуалар.....	84
Тоғызыншы шешім.....	85
3897 санды пәтуә.....	92
4272 санды пәтуә.....	92
Тарихтан сабақ алайық.....	94
Адамдардың фикһтен алыстауы.....	95
Не істеу керек?.....	96

Аударған:
Бауыржан Ахметов Дастанұлы

Редактор: Қайрат Иса
Жауапты редактор: Оңғар Өмірбек
Сараптаушы редактор: Әбсаттар Сманов
Көркемдеген: Жеңіс Маткаримов
Корректор: Жәннат Избасханқызы

Таралымы: 10 000 дана
ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ

Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы,
«Мұсылман» баспа үйі
Есенов көшесі, 15 үй,
тел: 8 (727)317-84-91; 8 701 741 76 25
email: musulman2003@gmail.com